

Біліміден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.
Абай

ҚҰРҒЫШ

ҚАЛА KZ

khurysh_khala_KZ@mail.ru

Теміртау қалалық әлеуметтік-ақпараттық газет 2 қаңтар жұма 2015 жыл № 01 (03)

Қош келдің, қоныр қой жымы!

**Жүзасен – жүйрік,
мыңнан – тұлиар**

тұңғыш рет қаланың озат мекемелері анықталды




6 - бет



**Елбасы сыйлығы
соғыс ардагерлеріне
тансырылды**

3 - бет



Қош келдің, 2015!

Президент шыршасына он бала барды

Аймақ балаларына арналған биылғы Президент шыршасы Қарағандыдағы «Олимпия» мейрамханасында өтті, оған барлық қалалар мен аудандардан 180 бала шақырылған еді. Олардың көбі түрлі олимпиадалардың жеңімпаздары, ылғи беске оқитын озаттар және балалар үйлерінің,

мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілері. Біздің Теміртау қаласынан бұл ауқымды шараға он бала қатысты. Алдымен бүлдіршіндер Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың дәстүрлі Жаңа жылдық бейне құттықтауын зор ықыласпен тыңдады. Одан кейін

облыс әкімінің орынбасары Жандос Әбішев құттықтау сөз сөйледі. Жаңа



жылдық қызықтың өн бойынан «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының белгілері, Отанның патриоты болуға үндеу лебі есіп тұрды.

Қазақстан әлемдегі бейбітшіліктің бесігі, біздің Елбасымыз қазіргі түрлі елдердегі жанжалдарды бейбіт жолмен реттеуге өзі бас болып, басқаларды жұмылдыруда. Бұл нағыз барша халықты сүйетін, Мәңгілік елді жақтайтын арда азаматқа тән іс. Президент шыршасына жиналған балалар өздері орындаған ән-жырларда Елбасының осындай қасиеттерін көрсетуге ұмтылысты. Президент шыршасына шақырылған

балалардың бәрі бірнеше сағат бойы Жаңа жылды қарсы алып, ертегі кейіпкерлерімен бірге түрлі көріністерді қызықтап, соңынан Елбасының атынан тапсырылған сыйлықтарды алып, маз-майрам болысты. Қалыптасқан дәстүр бойынша биыл да балғын ұл-қыздарға Елбасының арнайы тартулары таратылды. Әрқайсысына сөмкеге салынған ноутбук, үстел ойыны және тәттілер сыйланды. Облыстық білім беру бөлімінің мәліметі бойынша, әр бала 70 мың теңгенің көлемінде сыйлыққа ие болған. Бұл мақсатқа облыс бюджетінен 9 млн. теңге жұмсалды.

Әкім шыршасы

Қала әкімінің дәстүрлі жаңа жылдық шыршасы негізінен көп балалы отбасылар, ата-анасынан айырлған бүлдіршіндер, үздік оқушылар, спорт пен шығармашылықта жоғары жетістікке жеткен балаларға арналды.

600 бала
сыйлық
алды



Байқау

Мұз мүсіндер сыны

Мұз бен қардан құйылған сұлу мүсіндер жыл сайын Жаңа жыл қарсаңында қала көшелеріне, әсіресе «Металлург» стадионы маңындағы ашық алаңға ерекше сән беріп тұрады. Биыл да бұл дәстүрден жаңылмаған қаланың 21 мектебінің оқушылары өз қолдарымен он алты түрлі мүсін жасап шықты. Дәстүр бойынша оның ашылу салтанаты 26 желтоқсан күні өтіп, әр мектеп ұжымы өздері жасаған мүсіндерді сипаттап, таныстыру үшін Аяз Ата, Ақша қар және басқа ертегі кейіпкерлеріне еніп, ән шырқап, би билеп, думанды жиын өткізді. Әрине, байқауға баға беретін комиссия алдымен мүсіндердің сымбатына қарап бағалады. Қазыларды да, көруге келген жұртшылықты да №4 қазақ орта мектеп оқушылары стадионның дәл түбінен тұрғызған арқар мүсіні қызықтырды. Комиссия құрамындағылар бір ауыздан осы мүсінді биылғы байқаудың ең үздігі деп анықтады. Сөйтіп, бірінші жүлделі орынға белгіленген 50 мың теңгені осы №4 мектеп қанжығасына байлады. Ал екінші орынға ие болған №10, №24, №27 мектептер 25 мың теңгеден, үшінші орындағы №15 мектеп-гимназия, №17 және №19, №2 мектептер, №9 мектеп-лицей 20 мың теңгеден жүлдеге ие болды. Жеңімпаздар қатарына ілікпесе де, өздерінің шығармашылығымен қақаған қыста өрнек салған барлық қатысушыларға 5 мың теңгеден берілді.

– Жаңа жыл қарсаңында біздің қаламыздың көркіне көрік қосатын осындай мұздан сыйлық жасаған сіздерге көп-көп рахмет. Бұл шынында да шеберлікті байқататын жұмыстар, тағы бір ерекшелік, биылғы мүсіндер негізінен патриоттық тақырыпта екенін көріп, қуанып тұрмын. Біз бәріміз өзіміздің туған қаламызды, тамаша Отанымызды жақсы көреміз. Міне, сондықтан да осындай тамаша туындылар жасалды. Енді осыларды бұзбай, ұзақ уақыт сақтап, бәріміз әдемілікті бірге сезінейік, – деп тебірене сөйледі қала әкімі Нұркен Сұлтанов.

Шынында да биылғы мұз мүсіндер ерекше әдемілігімен көз тартарлық, олардың арасында ұшақ та, шыршы ойыншықтары да, алтын адам да, тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығының кішкене көшірмесі де, жыл белгісі қозы мен қой да бар.

– Биылғы мұз мүсіндер байқауында біздің мектептің шеберлері биіктен көрінді. Бұл көп еңбек, уақыт пен күш-жігер қажет ететін жұмыс. Биыл бірінші орын алуымыз осы үлкен еңбектің арқасы. Біздің оқушылардың қолынан шыққан тау арқары қарлы шыңдарға өрлеп барады, бұл балалардың да білім биігіне көтеріліуінің белгісі іспетті, – деп қуанышымен бөлісті №4 қазақ орта мектеп директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Ләззат Шәкенова.



Бұл күні қалалық мәдениет сарайына 3-13 жс аралығындағы 600 бала шақырылды. Олар мәдениет қызметкерлері арнайы дайындаған ертегі негізіндегі жаңа жыл шыршасын қызықтап, мультфильм кейіпкерлерімен бірге түрлі

көріністерге қатысып, таңғажайып орманда болған оқиғалардың ортасында жүрді. Бұл жолғы Жаңа жылдың шыршаның бір ерекшелігі – оның кейіпкерлері қатарында халқымыздың Ертегісімен қатар орыс ертегілерінің Маша қыз,

Аю, Аққала сияқты кейіпкерлері де жүрді. Бәрі қосылып, Аяз атаны іздеді, жолда қарақшылардың тұзағына түсіп қала жаздап, әйтеуір жаңа жылдың басты иесі Қошқанның көмегімен Аяз атаға баратын жолды тапты. Сөйтіп, бәрі көңілденіп, қол ұстасып ән шырқап, Жаңа жылда жаңа бақытқа жететіндіктерін паш етті. Ертегідегі кейіпкерлердің рөлін биік қуыршақтар сомдады.

Балаларды қала әкімінің орынбасары Шолпан Мырзақасымова құттықтады. Мықты денсаулық, оқуда, шығармашылықта толағай табыс тілеген билік өкілі қала басшылығы атынан 600 балаға дайындалған сыйлықтарды үлестірді. Тәтті толы қораптармен бірге әр қыз балаға жұмсақ ойыншықтар, ал ұлдарға түрлі машиналар, конструкторлар табыс етілді. Балалардың қуанышында шек жоқ, «жерде жетім жұбанса, көкте періште қуанады» дегендей бүлдіршіндердің ақжарқын жүздерінен желтоқсанның қара суығының өзі жылынып кеткендей болды бір сәт.

Шыршалар шеруі

Қалалық мұражай биылғы Жаңа жыл қарсаңында ерекше байқау өткізді. Мұнда шыршалар байқауы бір ай бұрын жарияланған болатын, тұрғындар мұражай қызметкерлерінің бұл ұсынысын қолдады. Сөйтіп, өз қолдарымен жасаған шыршаларын әкеп тапсырды. Түрі шырша болғанымен, олардың жасалған материалдары әралуан, бірі кофені, енді бірі матаны, газет киындыларын, темірді, тіпті макорондарды пайдаланғандары да бар. Қарапайым материалдан жасалса да, бірі-бірінен өтетін жасыл, түрлі-түсті шыршалар көрген көзді қызықтырғандай. Ең бастысы, жаңа жылда шырша ретінде нағыз жасыл-желекті қимай-ақ күнделікті тұрмыстағы ұсақ-түйекті қолдану арқылы да шырша жасауға, оны әдемілеп безендіруге болады екен. Бұл көрменің ерекшелігі сондай, тек теміртаулықтар ғана емес, оған қалаға жақын жердегі аймақтың тұрғындары да атсалысты.


– Шыршалар көп, бірақ олар бір-біріне ұқсамайды. Жасалуы да, материалдары да саналуан. Мұндай шыршалар бұдан былай жаңа жылдың бөлінбес бір жәдігеріне айналары сөзсіз, – дейді мұражай қызметкері Лейла Әликеева.

Сонымен, мұражайдың бұл ұсынысын көпшілік қолдап, 243 шырша көрмеге қойылды. Келушілер өздеріне ұнаған шыршаға қағаз қарлар арқылы дауыс береді, оның қорытындысы ескі Жаңа жылда, яғни 13 қаңтарда шығарылады. Ең үздік шыршаның иелері сыйлық алатын болады.



Президент құттықтауы

Міне, арғымақ жылды артқа тастап, қой жылы, яғни 2015 жылды бастап та жібердік. Егер байыптап қарайтын болсақ, алдағы мамыр айы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығымен тұспа-тұс келеді. Осыған орай жаңа жыл тек біздің Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар ТМД елдерінде Ардагерлер жылы деп белгіленді.



Елбасы сыйлығы соғыс ардагерлеріне тапсырылды



Осы бастаманың шырайын ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев одан сайын аша түсіп, жалпыұлттық акцияны қолға алды. Бұл акция тек біздің мемлекетімізде, Елбасының бастауымен қолға алынғаны сол, еліміздегі жыл өткен сайын қатары сиреп бара жатқан Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің баршасына Елбасының атынан жаңа жылдық құттықтау хат пен сыйлықтар жиынтығы табыс етіледі. Егер бүгінгі таңда Қазақстанда 5115 ардагер ба-

рын ескерсек, олардың баршасына Елбасының тапсырмасына орай облыстардың, қалалар мен аудандардың әкімдері арнайы үйлеріне барып, құттықтауды жалғастырды. Міне, осы шарадан біз ардагерлерге деген құрмет тек Жеңіс мерекесі қарсаңында ғана көрсетілмейтінін, қамқорлықтың үнемі жалғасып келе жатқанына тағы бір рет куә боламыз.

Иә, жалындаған жастық шағында қолына қару алып ел

қорғаған сарбаздар, бүгінде тоқсан жасқа жеткен және одан асқан қариялар атанып отыр. Өмірден көргендері мен көңілдеріне түйгендері көп, ерліктің үлгісін көрсетіп, жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуде өлшеусіз үлес қосып келе жатқан қарттарымызды қалай құрметтесек те, қадірлесек те жарасымды. Өйткені олар сый-құрметке әбден лайық. «Қарты бар үй – қазыналы үй» деп халқымыз әу баста-ақ үлкенге құрмет көрсетудің қанымызға біткен арда қасиет екенін айтқан емес пе?! Біле білсек, Елбасымыз да осы ұстанымды ту етіп, аға ұрпақ өкілдеріне қамқорлық көрсетуді бір сәт те естен шығарған емес, есесіне үнемі еске салып отырады. Мына жаңа жылдағы бастама да соның бір көрінісі.

Ел Президенті бастаған акцияны біздің қаламыздың әкімі одан әрі жалғастырып, өткен жексенбі күні соғыс ардагерлері мен мүгедектерін құттықтады. Қазір тектілерді түлеткен Теміртаудай құрыш қаламызда 54 ардагер тұрады, Елбасыдан олардың баршасына жаңа жылға құттықтау хат келген еді. Соның алғашқысын қала әкімі Нұркен Сұлтанов соғыс ардагері Василий Васильевич Болотинге тапсырды.

– Қымбатты Василий Васильевич, Сізді ел Президенті жаңа 2015 жылмен шын жүректен құттықтап, мына хатты және себет толы сыйлықты жолдап отыр. Біз, қала билігі де осы құттықтауды жеткізе отырып, деніңізге саулық, отыңыздың басына амандық тілейміз, – деді қала әкімі.

– Соғыс салған ауыртпалықты жүрегімізден өткізіп, жас болсақ та, әлі он сегіз жасқа толмай, майданға аттандық. Отан қорғау жолында жанымызды аямадық, жараланып, өлім аузынан қалдық, бірақ елге аман оралдық. Сол отты жылдарды ұрпағымыз қайтып көрмесін. Ал Отанды неміс басқыншыларынан азат ету жолында қаза тапқан жауынгерлердің есімдері мен ерліктерін кейінгі толқын ұмытпай, одан үлгі-өнеге алып өсуі тиіс. Біз осы жолда

қолымыздан келгенше тәрбие мектебі ретінде көмектесуге дайынбыз, – деді ризашылық танытқан ардагер.

Жаңа жылда тоқсан бір жасқа толған ардагердің бойы тік, дені сау, айтар әңгімесі де көп. Ол жас баладай қуанып, Президенттің құттықтау хатын қолына алып, бір демде оқып шықты. В.В.Болотин 1942 жылы әскерге алынып, Алматыдағы жаяу әскерлер офицерлерін даярлайтын училищеде төрт ай оқиды, содан кейін қан майданға аттанады. 1943 жылы жараланып, госпитальда емделеді, қайта соғысқа сұранып, Нижний Тагильдегі танк корпусында қызмет еткен. Ол 65 армия құрамындағы 24 атқыштар дивизиясында, 276 атқыштар полкінде, бірінші Донецк танк корпусында шайқасқан. Сонымен қатар Белоруссияны, Польшаны, Курскіні, Харьковты, Варшаваны азат етуге қатысқан. Бүгінде ол үш перзенттің әкесі, екі немересі мен екі шөбересінің аяулы атасы. Ардагердің кеудесінде «II дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденінің екеуі, «Германияны азат еткені үшін» медалі және басқа да көптеген марапаттар бар.

Қала әкімі Нұркен Сұлтанов ардагермен емен-жарқын әңгімелесіп, фотоальбомын бірге қарап, өткен өмір белестерінен тілге тиек етті. Ардагер өз кезегінде Елбасыға деген шынайы алғысы мен ыстық-ықыласын жеткізумен болды. Осындай құрметке бөленгендердің тағы бірі – Александр Яковлевич Домро-мелов. Ол Қарағанды облысы, Тельман ауданының тумасы. Ата-анасынан ерте айырылып, балалар үйінде өскен. Соғыс басталғанда әскер қатарына алынып, Украинаны, Белоруссияны, Польшаны азат етуге қатысқан жауынгер.

– Қазіргі көңіл күйімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес, Елбасы үнемі ұмытпай, бізге қамқорлық жасаумен келеді. Ал мына жаңа жыл қарсаңында арнайы құттықтау тіпті бізді жасартып жібергендей, – деп мәре-сәре болды. Қала әкімін жібермей, бір шыны аяқ шай ішті. Сонымен қатар

баладай қуанған қарт себет толы сыйлықты ашып көріп, қуанғанын жасырмады.

Мұнан кейін де Президент құттықтауларын жеткізуді қала әкімінің орынбасарлары жалғастырды. Атап айтқанда Алтынбек Есмұрзаев қаламыздағы жалғыз қарт қазақ жауынгері Нағмет Өміровті барып құттықтап, Елбасының құттықтау хаты мен сыйлығын берді. Соғыстан аман оралған қазыналы қарт 1 қаңтар күні тоқсан жасқа толады екен, «Елбасыға рахмет, еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын» деп жүрекжарды лебізін айтты. Соғыстан кейінгі бар ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнап, ұстаздық еткен ақсақалдың бәйбішесі Ханзада анамыз да құрақ ұшып, ақ тілегі мен алғысын жеткізумен болды.


Қала әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Шолпан Мұхитқызы Мырзақасымова мен еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Юрий Николаевич Ким, сонымен қатар «Жастармен жұмыс жөніндегі орталық» директоры Айнагүл Абдрахманова бастаған, сонымен қатар «Нұр жүрек» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Саварбек Газдиев тағы бір ардагердің шаңырағына барып, Президент құттықтауы мен сыйлығын табыс етті. Ол Иван Михайлович Пурин еді.

– Мен сонау бір жылдары Нұрсұлтан Әбішұлы біздің қалада хатшы болған кезде қабылдауында болған едім. Ардагерлерді ұмытпай, жаңа жылмен құттықтағаны үшін бір марқайып қалдық, мың алғыс, – деп ризалығын білдірді.

Қаламыздың жастары мен «Нұр жүрек» қоғамдық бірлестігі ардагерге үй шаруасына қатысты қандай да көмек қажет болса, көмектесетіндерін айтты.

Қала билігі Президент тапсырмасына орай 54 ардагердің баршасын ұмыт қалдырмай, оларды құттықтап, себет толы сыйлықтарды тапсырумен болды.

Руза АЛДАШЕВА



Әлеуметтік көмек ұлғайды

Бюджет құрастыру қаншалықты қиын болғанымен депутаттар әлеуметтік шығындарды қысқартпау жағын ойластырды, сондықтан да ең көп қаржы осы мақсатқа жұмсалғалы тұр. Биыл әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз етуге 585,5 млн. теңге жұмсалады. Оның ішінде мүгедектерге тазалық құралдарын алу, білім беру саласына қосымша жалақы қарастыру, ретті патрульдің әлеуметтік жағдайын жасауға да қаражат керек. Үстіміздегі жыл Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 70 жыл толуына орай соғыс ардагерлеріне бір реттік материалдық көмек



көрсетілуі керек. Депутаттар әр ардагерге 50 мыңнан 150 мыңға дейін төлем жасауға ұйғарды. Сондай-ақ Ұлы Отан соғысында қайтыс болған жауынгерлердің жесірлеріне, блокадашыларға, концлагерь тұтқындарына 70 мың теңгеден беріледі. Ардагерлер кеңесінің өтініші бойынша тыл еңбеккерлерінің төлемақысы да өсті. Жеңіс күні қарсаңында олар 10 мың теңгеден алады, 1,3 млн. теңге соғыс ардагерлері мен мүгедектерінің тұрғын үй және газды пайдалану шығындарын өтеу үшін жұмсалатын болады. Қоғамдық жұмысқа тартылған, «Жастар тәжірибесі» бойынша жолдама алған және мамандыққа қайта даярланған жұмыссыздар жылдағыдай бюджет есебінен еңбек орнын табады. Өлдеқандай себеппен қиын жағдайға тап болған қала тұрғындарына көмек көрсету үшін 5 млн. теңге қарастырылып отыр. Тұрақты орны жоқ адамдарды бейімдеу орталығын



Мәслихат сессиясы

Желтоқсанның соңғы аптасындағы маңызды оқиғаның бірі 2015 жылдың бюджетін бекіту болды. Қалалық мәслихат депутаттары бұл мәселені бір жиында ғана шеше қойған жоқ, оның алдында бірнеше рет қарап, жан-жақты ойластырған болатын. Өйткені өткен жылғы бюджет екі рет өзгертіліп, соның өзінде тиісті кіріс жоспары орындалмады. Қала билігі «АрселорМиттал Теміртау» АҚ компаниясының жер және мүлік салығын ертерек төлеуі есебінен ғана қала қазынасындағы жетпей қалған 322 млн. теңгені жабуға мүмкіндік тапты. 2015 жылы Теміртау қаласы бойынша 12 млрд. 277 млн. теңге салықтық және салықтық емес түсімдер жиналуға тиіс. Бұл аз емес, дегенмен осы қаржының 35 пайызы облыс бюджетіне алынаатынын ескерсек, үлкен үнемшілдік қажет екенін түсіну қиын емес. Оның үстіне бюджеттің ең көп жұмсалатын мемлекеттік және бюджеттік қызметшілерді ұстау шығыны екінші жарты жылдықта өзгертін болғандықтан оған қосымша тағы 17,2 млн. теңге керек. Сондай-ақ қала бюджеті жалпы әскери міндеттілік, коммуналдық қызмет және кейбір ғимараттарды ұстау жөнінде қаржы жұмсайтындықтан басқа шығындардың үлесі мүлде азая түскені өзінен-өзі белгілі.

2015 жылдың бюджеті бекітілді

Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы

Жыл сайын тұрғын үй коммуналдық шаруашылығына қарасты мақсаттарға қыруар қаржы бөлініп келді. Мәселен, былтырғы жылы коммуналдық шаруашылық және қаланы абаттандыру, жолдарды жөндеу мақсатына 2 млрд. 738 млн. теңге жұмсалса, биыл республикалық бюджеттен бөлінген трансферттерді қоса есептегеннің өзінде бір млрд. теңгеге аз. Басты себеп – дағдарыс.

Биыл соққаланың шаруашылық қалдық кәріз сулары құрылысы жалғасады. Көп қабатты үйлер мен мекемелерді зарарсыздандыруға қаржы қаралды, Теміртау қаласы мен Ақтау кентін абаттандыру, көгалдандыруға 441,3 млн. теңге бөлінді. Сондай-ақ қалалық мұражай жанындағы саябақ аумағын және Металлургтер даңғылының қалған бөлігін абаттандыру жалғасады. Орталық стадион жанындағы спорт қалашығын одан әрі кеңейтуге және оны ұстауға ақша бөлінді. Қаланы және Ақтау кентін жарықтандыруға 275 млн. теңге жұмсалмақ. Биыл қаламызда интернационалист жауынгерлерге арналған Монумент салынады. Бұған 19 млн. теңге, ал қалаға кіре берістегі ротонд құрылысына 52,8 млн. жұмсалады. Аманжолов көшесінің жолдарын қысқы және жазғы күтуге және жолдарды жөндеуге жарты млрд. теңгеден артық қаражат бөлінді. Шағын қалаларды дамыту бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен 717,1 млн. теңге бөлінеді, бұл ақшаға оң жағалаудың жолдарын жөндеу аяқталып, төрт мектеп, бір бала бақша және үш жол орташа жөндеуден өткізіледі. Депутаттар ішкі орамдық жолдарды да ұмыт қалдырған жоқ, бұл мақсатқа 2015 жылы 226 млн. теңге бөлініп отыр.



Сондай-ақ жазғы каникулда мектеп жанындағы және қала сыртындағы лагерьлердегі демалыс та бюджеттің мойнында. Мектептерге оқулықтар алу үшін қаражат бөлінді, өйткені заң бойынша алдағы оқу жылынан бастап, барлық сынып тегін оқулықтармен қамтамасыз етілуге тиіс. Бұл мақсатқа бюджеттен 59,9 млн. теңге бөлінді. Қаланың он сегіз мектебіне бейне-бақылау орнатылмақ, тағы 13,9 млн. теңге осы құрылғыларды ұстауға жұмсалады. Санитарлық эпидемиологиялық бөлімінің оқу орындарындағы тазалық мәселесі жөніндегі ескертпелерін жөндеуге 10 млн. теңге қаралды.

Оқушылардың қосымша біліміне 263 млн. теңге бөлініп отыр, ал мектеп жасына дейінгі тәрбие мен білім беруге 1 млрд. 210 млн. теңге жұмсалатын болады. Бала бақшаларға мемлекеттік тапсырыс 1 млрд. 52 мың теңгені құрайды. Үстіміздегі жылдың тағы бір жаңалығы – бала асырап алған азаматтарға өтемақы төленеді, бұл мақсатқа 2 млн. 535 мың теңге, ал панасыз қалғандарды қамқорлыққа алуға 61 млн. 416 мың теңге қарастырылды. Мүгедектерге материалдық көмек Конституция күні, ал қарттарға тұңғыш Президент күні қарсаңында төленетін болды.

Мәдениет және Ішкі саясат

Діни экстремизм мен лаңкестікке қарсы күрес жүргізу мақсатына 8,4 млн. теңге жұмсалады. Мемлекеттік және басқа тілдерді дамытуға 14 млн. 705 мың теңге қаралды. Депутаттар Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы құрметіне қаладағы этномәдени бірлестіктерді қолдауға ұсыныс жасап, біршама қаражат жұмсалады. Жалпы көпшілік және ұлттық спорт түрлерін дамытуға 192 млн. 661 мың теңге, ал жарыстарға 9 млн. 607 мың теңге бөлінді. Облыстық жарыстарға қатысатын спорт командаларын дайындауға 8 млн. 491 мың теңге қарастырылған.

Кәсіпкерлер республикалық бюджеттен қолдау табады

Шағын қалалардың тағы бір маңызды міндеті кәсіпкерлікті қолдау екені белгілі. Биыл жаңа өндірістерді ашуға 17 млн. теңге грант бөлінді, 52,1 млн. теңге бюджет несиелері беріледі. Сондай-ақ қала кәсіпкерлеріне бұрынғы несиелердің пайыздарын субсидиялауға 47,5 млн. жұмсалады. Сондай-ақ облыстық және республикалық бюджеттер есебінен қала кәсіпкерлері Қазақстанда және басқа елдерде оқу-үйрену, тәжірибе жинақтау шараларына қатысады.

Қала мерейтойы қалай өтеді?

Биылғы бюджеттің аса күрделілігі сондай, қаланың 70 жылдық мерейтойына ақша қарастырылған жоқ, бірақ басшылар республикалық және облыстық бюджеттен қаржы бөлінеді деген сенімде. Қала әкімі Нұркен Сұлтанов «АрселорМиттал Теміртау» АҚ басшылығымен ресми емес келісімдер жасалғанын айтты. Қазіргі деректер бойынша компания басшылығы қалаға айтарлықтай қомақты материалдық көмек жасауға уәде берген. Әзірге мұның нақты қанша қаражат екені айтылған жоқ, дегенмен қала басшылығы бұл теміратулықтарға өте жақсы сыйлық болады деп үміттенуде. Мәслихат депутаты Ф.Валеев сессияда сөйлеген сөзінде комбинаттың қаланы абаттандыруға және үш жүз орындық бала бақша салуға қаражат бөлетінін жеткізді.

Отыз бес пайыз тым көп

Жыл сайын Теміртау облыс бюджетіне айтарлықтай қаражат бөліп отырады. Бірақ биылғы тым көп, облыстық бюджетке 35 пайыз деңгейінде алым төленбек. Бұл енді депутаттар үшін күтпеген тосын жағдай болды. Әрине, дағдарыстың салдарынан барлық қалалар мен аудандардың биылғы бюджеті айтарлықтай қысқарғаны анық. Бірақ біздің қала үшін бұл тым анық байқалады. Қарағанды облысы бойынша Теміртау аса қуатты қаражат көзі екені белгілі. Облысқа бюджеттің тиісті бөлігін аударған кезде бізде әр жан басына шаққанда екі есеге жуық аз ақша қалады екен. Ал облыстың басқа қалалары мен аудандарында жағдай бұлай емес. Қалалық мәслихат депутаттары облыстық бюджет алымының жылдан жылға өсіп отырғандарына риза еместіктерін жасырмады. Бір кездері 17 пайыз, одан кейін 21 пайыз алым болған, ал биыл тіпті өсті. Егер республикалық бюджеттен келетін трансферттер болмаса, жағдай мүлдем ушығып кеткен болар еді. Әрине, қала қалайда амалдап күн көреді, дегенмен қарыштап дамуға жетерліктей қаражат жоқ. Бұл енді Теміртаудай өндірісті қалаға біраз тұсау болатыны сөзсіз.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА




Ұлы Жеңіске 70 жыл

Қалалық ардагерлер кеңесі, білім беру, дене тәрбиесі және спорт бөлімі, Теміртау жастар клубы мен жастармен жұмыс орталығының бастамасымен «Самарқандтық жауынгерлер, біз сендерді мәңгі есте сақтаймыз!» атты материалдар топтамасын жариялауды бастадық.

Ұлы Отан соғысы басталғанда біздің кешегі Самарқанд поселкесінен 175 жас қан майданға аттанса, кейін 9 жауынгер-интернационалист Отан алдындағы азаматтық борышын өтеу жолында мерт болды. Олардың есімдері «Еске алу» кітабына 1993 жылы енген.

Бүгінгі ұрпақ, біз Жеңістің өздігінен келмегенін, сол жолда талай боздақтардың мерт болғанын ешқашан ұмытпаймыз. Алдағы мамыр айында Ұлы Жеңіске 70 жыл толады, соған орай газеттің әрбір санында самарқандтық батырлар бізбен бірге болады.



Самарқандтық жауынгерлер! Сендерді мәңгі есте сақтаймыз!



**ДЪЯЧИШИН
Сильвестр
Кононович**

Кіші лейтенант, 98 жеке артиллериялық полкінің 982 жеке атқыштар бригадасының взвод командирі.

1910 жылы Одесса облысы, Балтск ауданының Березовка селосында туған. Самарқанд поселкесінде ҚарГРЭС-1 ОКС-те жабдықтар жөніндегі инженер болып жұмыс істеген.

1942 жылғы 3 қарашада Қарағанды қаласы Киров аудандық әскери комиссариаты әскер қатарына шақырған. Оңтүстік майданда соғысты, 1943 жылғы 18 қаңтарда Ростов облысын жаудан азат ету кезінде қаза тапты. Ростов облысындағы Сталино жалпы қорымында жерленген.



**ЕРЕСЬКО
Степан
Алексеевич**

Қатардағы жауынгер, 194 гвардиялық атқыштар полкі 64 гвардиялық атқыштар дивизиясының мергені.

1902 жылы Воронеж облысы, Воробьевск ауданының Александровка селосында туған.

Самарқанд поселкесінде энергия басқармасында жұмысшы болып істеген.

1942 жылғы 22 мамырда Қарағанды қаласының Киров әскери комиссариаты әскер қатарына шақырды. Волхов майданында соғысты, 1943 жылғы 31 шілдеде қаза тапты. Ленинград облысы Мгинск ауданының Арбузово селосынан екі шақырым солтүстік-шығыс жағында жерленген.



**ЕВТЕЕВ
Андрей
Пантелеевич**

Қатардағы жауынгер, 301 атқыштар полкінің 84 атқыштар дивизиясы мергені.

1905 жылы Сталинград облысы, Киквидзен ауданының Страхов ауылында туған. Самарқанд поселкесінде ҚарГРЭС-1-де от жағушы болып жұмыс істеген.

1941 жылғы 15 шілдеде Қарағанды қаласының Киров әскери комиссариаты әскер қатарына шақырған. Барлық соғыстарға бастан-аяқ қатысқан. 1945 жылы 8 сәуірде Югославияны азат ету кезінде қаза тапты.

Югославия Святи-Мартин қорымының шығыс жағында жерленген.

қорытылған болат Жеңіс үшін аса қажет болды. Сондықтан да қазақ заводының металлургтері күн-түн демей еңбек етті. Мартен пешінің жанында тәуліктеп тұрып, болат бұлағын ағызды. Осылайша Жеңісті жақындатуға терлерін төкті. Енді міне, сол адал еңбектерінің арқасында Тәуелсіз елдің бәйтеректеріндей өздерінің өмірі туралы қызықты әңгімелерін жастарға айтып

тығыз байланысты, әсіресе жетпіс жыл толып отырған қазақ заводы өмірінен қойылған экспонаттар аса қызғылықты еді. Мұражайды аралау кезінде байырғы металлург Сұлтан Садырбаев өзінің марапаттарын осында тапсырды, бұл да аса бір есте қаларлық тәжірибесі сәт болды.

Мартен цехының соңғы бастығы болған Өтеген Ғабдулин жетпісінші жылдары мұнда төрт жүз мың тонна болат балқытылғанын еске алды. Бұл енді айды аспанға шығарғандай табыс



Ұмытылмас отты жылдар

жеткізуде.

Ардагер металлургтердің бірі Василий Болотин металл өндірісіне Ұлы отан соғысының ардагері ретінде келген еді, содан кейінгі барлық өмірі Теміртауда өтіп келеді. Мартен цехының бұрынғы болат балқытушысы Сұлтан Садырбаевтың әңгімесін де студенттер аса ықыласпен тыңдады. Өйткені олардың тәжірибесі, көрген-білгені, жиған-тергені жастар үшін тым қымбат. Олардан үйренетін, үлгі алатын ұлағаттар аз емес. Политехникалық колледж студенттері ардагер аталарын осы оқу орнының мұражайындағы жәдігерлермен таныстырды. Онда қаланың тарихымен

еді. Өйткені, комбинат қазіргі заманауи жабдықтармен мұндай табысқа әлі жетіп көрмейті. Сол кездері барлық одақ бойынша Теміртаудың мартен цехы талай рет жарыс жеңімпазы атанған.

Политехникалық колледж болашақ металлургтерді, құрылысшыларды дайындайтын оқу орны, сондықтан осында білім алып жүрген жастарға аға буынның жұмысы, өмірі мен тәжірибесі соншалықты қызықты. Олар болашақта осындай аталарының еңбегін жалғастыруға, туған жердің байлығын еселеп арттыруға өз үлестерін қосатындықтарын жеткізді.


Өз тілшімізден



Қазақстан болатына 70 жыл

Қазақстанның тұңғыш болаты осыдан жетпіс жыл бұрын алынған еді. Соны өз қолдарымен атқарып, от пен жалынның ортасында жүрген ардагерлердің біразы әлі де қатарымызда. Жуырда қаламыздағы политехникалық колледжінің студенттері құрметті металлургтермен бірге қаланың іргетасын қалаған ардагерлермен кездесіп, олардың бай өмірлік тәжірибесінен туындаған тұщымды әңгімелерін тыңдады.

Ескі әндер орындалып, экраннан сол кездегі болат қорыту жөнінде түрлі бейнебаяндар мен суреттер көрсетілді. Қаламыздың байырғы металлургі бұл күнде сексеннің сегізінше шыққан Нығмет Қыстаубаев ақсақал ескі қаладағы тұңғыш қазақ заводының табалдырығын аттағанда небәрі он жеті жастағы бозбала еді. Барлығы алпыс жігіт қабырғасына мұз қатқан үш барақта тұрып, сол тұңғыш мартен цехының іске қосылуына жанқиярлықпен атсалысты. Ол кезде Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан, заводта



Қала әкімі Нұркен Сұлтановтың бастамасымен әкімдік жанынан ұйымдар, кәсіпорындар, мемлекеттік мекемелер және қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің қатысуымен арнайы комиссия құрылған еді. Комиссияның басты мақсаты 2014 жылдың қорытындысы бойынша жылдың ең үздік ұйымын, кәсіпорынын, қызметкерін анықтау болды. Осы комиссия қорытындысы бойынша мынадай ұйымдар мен мекемелер жылқы жылының жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан



Қалалық әкімдікте

«Қарағанды облыстық білім беру басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшылығының ұсынысымен 2014 жылы жұмыста асқан белсенділік көрсетіп, үздік табыстарға жеткен, қаланың тәрбие-білім беру саласына айтарлықтай қомақты үлес қосқан «Білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ жетекшісі Рахимова Бақшагүл Разаққызы қала әкімінің грамотасымен марапатталды.



Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар

жұмыстары, жас ұрпақты тәрбиелеудегі бай тәжірибесі үшін» қалалық ардагерлер кеңесінің төрайымы Вахитова Нина Тимофеевна марапатталды.

– «Іскерлік белсенділігі, жоғары кәсіби деңгейі, жұмысқа құштарлығы мен жанашырлығы үшін» қалалық мәслихат хатшысы Свиридов Василий Ивановичтің еңбегі атап өтілді.

тұңғыш рет қаланың озат мекемелері анықталды

озаттары деп танылды.

– «Қаланың ең үздік мектебі» аталымы кәсібилігі, жұмыста инновациялық әдістерді енгізгені және мектептің педагогика ұжымының аса жоғары еңбек белсенділігі үшін «Теміртау қалалық №23 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне, директоры Қалмағамбетова Бақыт Әміржанқызына берілді.

– «Ең үздік бала бақша» аталымы бойынша №12 «Алтынай» бала бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жалпы дамыту бағытымен жұмыс істейтін тәрбие орны, директоры Ткачева Марина Анатольевна. Бұл тәрбие ұжымының ең басты қол жеткен табысы 2013-2014 оқу жылында оны бітірушілердің

үлгерімі 78 пайызды құрауы, тәрбиеленушілердің мектепке бейімділігі 97 пайыз.

– «Ең үздік емдеу мекемесі» аталымы бойынша «Теміртау қалалық балалар ауруханасы» КМҚ кәсіпорны, директоры А.Пя. Жоғары кәсібилігі және медицина қызметкерлерінің еңбексүйгіштігі, жұмысқа ынталылығы үшін берілді.

– «Ең үздік спортшы» аталымы бойынша ауыр атлетикадан КСРО-ның спорт шебері Исақов Айтжанға (1944 жылы туған) жеңіске құштарлығы, асқан ерлігі, мақсаткерлігі үшін берілді. 2014 жылғы қазан айында Екатеринбург қаласында «Алтын барыс» кәсіби пауэрлифтинг жарысында ардагерлер арасында үшсайыстан абсолютті әлем чемпионы атанғаны үшін берілді.

– «Қаладағы ең үздік ОКМС» атағы Никифорова Ксения Анатольевнаға, №8 ОКМС басшысына берілді. Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығын жаңалау бағдарламасын жүзеге асыру барысында тиімді жұмыс істеп, осы іске асқан белсенділікпен қатысқаны үшін.

– «Қаладағы ең үздік БАҚ» аталымы ТТК телеарнасының «Теміртау жаңалықтары» (Ақпараттың қызметтің бас редакторы Анжелика Волкович) бағдарламасына шығармашылық табыстары, қалада болып жатқан

жаңалықтарды, оқиғаларды көрсетудегі ерекшеліктері үшін берілді.

– «Ең үздік аула клубы» аталымы балалардың бос уақытын ұйымдастырудағы асқан белсенділігі және шығармашылық жұмыстары үшін Мейрамова Гүлғаным Мұқатайқызы тәрбиешілік ететін «Ұлан» балалардың аула клубына берілді.

– «Қаланың ең үздік кәсіпорны» аталымы «Қазарматура» ЖШС (директоры Нұрпейісов Қуандық) жобаларға табысты басшылық жасап, үздік технологиялық әдістерді енгізгені үшін, істі жүргізудегі ерекше әдістері мен жеке ерекшеліктері үшін берілді.

– «Үздік кәсіпорын-мердігер» аталымы бойынша «Ақ Бозат тау» ЖШС (директоры Лагойкин Владимир Владимирович) аталды. Бұл кәсіпорын соңғы бірнеше жыл қатарынан мемлекеттік сатып алу тендерінде жеңіп шығып, қаланың көшелерін, алаңдарын абаттандыру, су ағу жүйесін тазалау жұмысымен табысты айналысып келеді. «Ақ Бозат тау» ЖШС өзін сенімді әрі адал мердігер ретінде көрсете білді, фирма жұмысшылары өздеріне жүктелген міндетті абыроймен орындап, жедел қызмет көрсетумен ерекшеленеді.

– «Ардагерлік қозғалысты ұйымдастырудағы жемісті әрі шығармашылық





Ел жаңалығы

2014 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықова Халықаралық Түркі академиясына болып, бірегей ғылыми орталықтың ғылыми-зерттеу қызметімен танысты. Гүлшара Әбдіқалықова Қазақстан халқы Ассамблеясының Жылын, Конституцияның 20 жылдығын, Қазақ хандығының 550 жылдығын, Жеңістің 70 жылдығын мерекелеуге дайындық аясында жүргізіліп жатқан жұмысқа назар аударды.

Ғылыми зияткерлік орталығы



Мемлекеттік хатшы түркі әлемінің ғылыми және зияткерлік ынтымақтастығын үйлестіру орталығы Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен ашылғанын атап өтті.

Гүлшара Әбдіқалықова Түркі академиясы бай түркі әлемінің рухани-мәдени мұрасын, оның ішінде қазақ мемлекеттілігін, Қазақ хандығының құрылуын зерделеуде маңызды роль атқаратынын айтты.

Г.Н.Әбдіқалықова түркі халықтарының тарихи музейін аралап көрді. Мұнда түркі халықтарының терең тарихы мен өміршең өркениетінен сыр шертетін әр тарихи кезеңнің құнды жәдігерлері қойылған.

Гүлшара Әбдіқалықоваға түркітану бойынша 32 мың кітап қоры бар академия кітапханасы таныстырылды. Кітапхана қоры Ә.Нәжіп, Ә.Құрысжанов, Ә.Қайдар және басқа да белгілі түрколог-ғалымдардың, мажарстандық түрколог-ғалым Иштван Қоңыр Мандокидің 16 мың кітаптан тұратын мол мұрасы құрайтынын атап өткен жөн.

Мемлекеттік хатшы академияны аралау барысында академияның ғалымдарымен және қызметкерлерімен кездесу өткізді. Академияда Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Өзбекстан елдерінің азаматтары, оның ішінде 8 ғылым докторы, «Болашақ» бағдарламасының 2 түлегі жұмыс істейді. 2014 жылы түркі әлемінің өзекті мәселелеріне арналған 5 форум, 4 халықаралық ғылыми конференция және 15 ғылыми семинар өткізді. Академияда 30-дан астам түркітану орталығының атынан дүниежүзінің 192 ғалымының қатысуымен 36 ғылыми-зерттеу жобалар іске асырылуда.

Жиын соңында Мемлекеттік хатшы халықаралық Түркі академиясы «Қазақстан-2050» стратегиясын, «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауын іске асыруда, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын ілгерілетуде маңызды зияткерлік тұғырнама болып табылатынын атап көрсетті.

Шет елдердегі мүліктер заңдастырылуда

Мүлікті жария ету науқаны басталғалы алғаш рет Қазақстаннан тыс аумақта орналасқан мүлікті заңдастыру туралы өтініш келіп түсті, деп хабарлайды ҚР ҚМ баспасөз қызметі.

2014 жылдың желтоқсан айының соңғы күндері Қазақстан азаматы — СКО тұрғыны иелігіндегі Омбы қаласындағы пәтерін жария ету туралы өтініш келіп түскен. Аталған мүліктің құны — 421 мың теңгеге бағаланды. 29 желтоқсан күніндегі деректерге сәйкес, ҚР аумағындағы мүлікті жария ету бойынша жергілікті атқарушы органдар жанындағы комиссияға жалпы сомасы 116,8 млрд теңге болатын мүлікті заңдастыруға 15 885 өтініш келіп түсті.

Оның ішінде: 87,6 млрд теңгеге 12 411 тұрғын үй нысаны; сомасы 30,5 млрд теңгеге 7 857 тұрғын үйге жатпайтын нысандар, оның ішінде 17,4 млрд теңгеге 1 491 коммерциялық нысан; сомасы 0,7 млрд теңгеге 20 заңды тұлғаларға қатысу үлесі; сомасы 0,8 млрд теңгеге бағалы қағаздар жатады.

Сомасы 40,8 млрд теңгеге 7 301 нысан заңдастырылды. Жария етуге келіп түскен өтініштердің саны бойынша Алматы облысы көш бастап келеді (5322 өтініш).

Екінші орында Алматы (3202 өтініш), азаматтардың белсенділігі жағынан үшінші орында Ақтөбе облысы, оларда өтініш саны 1274, Қостанай облысында 1186 өтініш тіркелді. Соңғы орында 108 өтінішпен Батыс Қазақстан облысы тұр.

Ұлттық банк есебінің деректеріне қарағанда, осы уақыттағы жағдай бойынша екінші деңгейлі банктерде сомасы 8,9 млрд теңге ақшаны жария етуге 47 жинақ шоты ашылған. Оның ішінде жинақ есебінен бюджетке ақша заңдастырғаны үшін 307,2 млн теңге жиын төлей отырып, 2,8 млрд теңге алынған.

Өз тілшімізден




Баспанамен қамту

Өткен аптада қала әкімі Нұркен Сұлтанов қаламыздағы белсенді жастармен кездесіп, оларды толғандырған мәселелер жөнінде ой бөлісті.

Атап айтар болсақ, ҚарМИУ-ға жиналған жігіт-қыздар күн тәртібіндегі бірінші мәселе, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалаған жастардың баспанамен қамтылуы туралы жастармен жұмыс жүргізу орталығының басшысы А.Абдрахманованың есебін тыңдады. Келтірілген мәліметтерге назар аударсақ, өткен жылы қаламызда 60 жетім бала баспаналы болыпты, бұл облыстағы саны жағынан көп, пайыздық көрсеткіші жағынан ор-

тағдырына алаңдаушылығын білдірді. Бұл қисынды, өйткені ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған сәбилер әуелі балалар үйлерінде тәрбиеленеді, кәметке толған соң жиырма үш жасқа дейін жастар үйін паналайды. Ал одан кейінгі тағдырлары не болады, қайда тұрады?

—Бүгінгі жиында жастар үйінің директоры немесе жетім балалар бар ма, олар бұл мәселеде қандай ұсыныс-пікірлер мен өтініштер айтады?— деп сұрады



Әкім жастармен жүздесті



таша көрсеткіш екен. Дегенмен, ақпаратты тыңдаған қала әкімі Нұркен Ертайұлы үйлі болған жетім балалардың еңбекпен қамтылуы, коммуналдық төлемдерді уақытылы төлеуі сынды өзекті мәселелер туралы нақты мәліметтің жоқтығына қынжылысын білдірді. Сонымен қатар он сегіз бен жиырма үш жастан асқан жетім балалардың

қала әкімі.

Өкінішке орай, өздерінің проблемалары талқыланып жатқан жиында олар болмай шықты. Сондықтан әкім сыни пікірлер айтып, бірқатар тапсырмалар берді және алдағы уақытта бұл мәселеге қайта оралатынын жеткізді.

Мұнан соң жастарға патриоттық тәрбие беру

мәселесіне байланысты «Теміртау жастар клубының» жетекшісі, қалалық мәслихат депутаты Алексей Ломакин баяндама жасады. Ол өз сөзінде атқарылған жұмыстарды ортаға салып, теміртаулық қыз-жігіттердің са-лауатты өмір салтын ұстанып, спортты насихаттаудағы, шығармашылықпен айналысып, өнерлерін өрге жүздірудегі атқарылған іс-шараларға тоқталды. Келтірілген мәліметтерге көз жүгіртсек, әр жылы

төрт жүзден аса іс-шара өткізеді екен.

Қала әкімі жастармен кездесу барысында олардың сұрақтарына жауап беріп, Елбасы қойған міндеттер үдесінен шығу жолында ел ертені саналатын жастарға сенетінін білдірді.

Р.ЖАҚЫПҚЫЗЫ



Оқу ордаларында

Қаламыздағы №9 мектеп-лицейінде жыл сайын «Лицей күні» аталып өтіледі. Осыған орай ашық есік күні өтіп, ата-аналар балаларының сабақтарына қатысуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар әр сыныпта дәстүрлі «Оқу сағаттары» болды.

Үстіміздегі оқу жылында кітапханада «Ата-аналар мен оқырман клубы» мектеп-лицей директоры Құралай Ақназарқызы Нұрғалиеваның бастамасымен құрылған болатын. Жақында клуб мүшелері балалармен бірге кітапханада ұйымдастырылған Теміртаудың бас ақыны Қ.Ботановпен кездесті. Кездесу кешіне мектеп-лицейіміздің құрметті қонақтары «Магнитка» ансамблі де қатысты. Ақынның кітаптарына шолу жасалынып, слайд

Ақын қонақта болды



көрсетілді. Оқушылар Қасым Ертайұлының өлеңдерін жатқа оқып, өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, барлығына жан-жақты жауаптарын алды. Ақынның орындауында Тәуелсіздік күніне арналған «Толғау» өлеңі оқылды, мектеп-лицейдің домбыра үйірмесіне қатысушы оқушылар күй орындап, кездесу кеші өте әсерлі өтті. Кездесу кешінен соң ақын бастаған құрметті



қонақтарымыз 4-5 сынып оқушыларын салтанатты түрде «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдердің бірыңғай Республикалық қоғамдық ұйымының қатарына қабылдау рәсімін өткізді. Бұл ұйымның басты мақсаты белгілі, ол өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.


Салтанатты жиынның соңында «Магнитка» ансамблі мүшелерінің әндері әуеледі. Оқушылардың көңіл-күйлері көтеріңкі болып, өздерінің Отанымыздың нағыз патриоты екендіктерін сезінді.

**Г. МҰҚАНОВА,
№9 мектеп-лицей
тәлімгері,
К.БАБАҒҰЛОВА,
кітапханашы**

8 Жұлдыз жорамал

Жаңа жыл - 2015

№ 01 (03) 2 қаңтар 2015 жыл



Егіздер

Қой жылы басталмай тұрып келер жылға жоспар құрады. 2015 жылы көптен бері ойға алған мақсаттарын жүзеге асырады. Өртүрлі саладағы адамдармен оңай тіл табысады. Жаңа мүмкіндіктердің есігі ашылып, көп таныстар табады. Алғашқы махаббатын жолықтырып, өмірге деген көзқарасы өзгереді. Ол өзгеріс тұрмысқа шығу, шетелге бару, мекен-жайын ауыстыру болуы мүмкін. Жыл бойында белсенді болып жүруіне махаббат әсер етеді. Періште қорғап, серігі табыс болады.

Өмірден таңғажайыптар күтіңіз. Алда жаңа таныстықтар мен қызметке байланысты ұсыныстар күтіп тұр.

Мансап

Жыл бойы билік жүргізуге құмартады. Мақсатына жету үшін таныстарын пайдаланады. Көбі ойына алғанына қол жеткізеді. Алайда, істің сапалы болатыны белгісіз. 2015 жылдың тамыз-қараша айларының аралығында қызметі жоғарылады. Шығармашылыққа қатысты істерде жолы болады. Махаббат пен мансап арасында таңдау жасауларына тура келеді.

Қаржы

Ақшаны ақылмен жұмсау үшін түрлі кітап оқиды. Жыл бойы ақшаны үнемдеп жұмсайды. Ақшаны көп қажет етпейді. Жоспарларын жүзеге асыру үшін достары ақшалай көмек ұсынады. Қаржыны өзі немесе отбасы үшін емес, үй сатып алуға, көлік алуға жұмсайды.

Денсаулық

Күйбен тірлікпен жүріп денсаулығыңызға қарайлауды ұмытып кетуіңіз мүмкін. Бірақ, еш ауру мазаламаса да, жылына екі рет тексеруден өтіңіз. Денсаулығыңыз нашарласа, махаббатта да, мансапта да жолыңыз болмайды.

Махаббат

Басқара білу қабілетінің арқасында махаббатта жолы болады. Жалғыз жүрген егіздер үнемі серігін іздеуде асқан белсенділік танытады. Қой жылында отбасын құру мүмкіндігі өте төмен. Ал, егер отбасын құратын болса, ертегідегідей өмір кешеді. Отбасын көктемнің наурыз, сәуір, күздің қыркүйек, қазан айларында құрған дұрыс.



Торпақ

Жұмыстан қатты шаршап жүрген Торпақтар үшін Қой жылының берер сыйы мол болмақ. Бірақ, жақындарыңызбен түсініспеушілік орын алуы мүмкін. Қарым-қатынасыңыз үзілген жандармен байланыс орнатудың, кәсіби ортада көшбасшылық

қабілетіңізді танытып, бойыңызда жасырынып жатқан талантыңызды көрсететін уақыт туған секілді. Ойлаған дүниеніз нәтижелі болу үшін өзіңіз қадам жасауыңыз керек.

Мансап. Жұлдыздар кей Торпақтардың жалыққан жұмыстарын тастап, жаңа қызметке ауысу ықтималдығы барын айтса, кейбіреулерінің шекара асып, қызмет жасауы әбден мүмкін екенін айтады. Ал енді біреулері өзінің жеке кәсіпкерлігіне жол ашып, өз бетімен биік белестерді бағындыратынын баяндайды.

Қаржы. Өз ақшаңызға мұқият болыңыз. Аса тани қоймайтын адамға қарызға үлкен көлемде ақша беріп, сан соғып қалмаңыз. Сәуір және тамыз айларында көптеп ақша шығындайсыз. Сауда жасау кезінде ойланыңыз. Жұлдыздар кейін жаңа табыс көзі ашылуы ықтималдылығын айтады. Осы орайда Торпақтардың басты міндеті – жылдың алғашқы жартыжылдығында көптеп ақша тауып, кейін қаржы жинауы тиіс.

Денсаулық. Қой жылы Торпақтарды жыл соңына дейін үлкен күш-қуатпен жігерлендіріп отырады. Соған орай, ойлаған мақсаттар жүзеге асады. Жанұяңызбен отырып демалу сіздердің араларыңыздағы сыйластықтарыңызды арттырып қана қоймайды, энергетикалық жігеріңізді қалпына әкеледі.

Махаббат. Ең қызығына да келдік-ау, әйтеуір. Торпақтар жылдың басында бір көргеннен ғашық болуы мүмкін. Және ол жақтан да қарсылық тумайды. Психологиялық шабуылдар болмауы және көңіліңіз қалмау үшін айналадағыларға көп сене бермеңіз. Осы жылда кезіккен жанмен отбасы құруыңыз мүмкін.



Тоқты

Келе жатқан жыл тоқтылар үшін сәтті жыл болады. Олар бұл жылы адамдармен араласуды үйренеді. Соның арқасында жұмысы алға басады.

Жұлдыздар бұл жылы тоқтылар көп досын жоғалтатындығын баяндайды. Сондықтан, ескі достарыңыздан артық жақын адамдардың болуы екіталай екенін естен шығармаңыз.

Жыл басында демалып күш жинап алғаныңыз жөн. Себебі, жазға қарай шаруа көбейеді. Қаңтар айын демалысқа арнап, ақпаннан бастап ойға алған жоспарларыңызды іске асыруды бастаңыз.

Мансап

Тоқты табиғатынан мансапқа құмар. Ал мақсатқа жету үшін бұл жылы адамдармен түсінісуді үйренуі керек болады.

Бұл жылы бизнес ашуға да мүмкіндік көп. Сіз - жақсы басқарушысыз. Бірақ қарамағыңыздағы адамдарға құрмет көрсетіп қарым-қатынас жасағаныңыз абзал.

Күшіңіз жетпейтін істі мойныңызға алмаңыз.

Қаржы

Бұл жылы тоқтылардың қаржылық жағдайы жақсы болады. Сондықтан, қайырымдылық жасауды ұмытып кетпеңіз.

Жылдың басында ақшаңызды жинаңыз. Ортасына таман жеке ісіңізді ашуға мүмкіндік пайда болады. Ақшаңызды сол кезде пайдаланыңыз.

Денсаулық

Тоқтылар жылдың басында респираторлық-вирустық ауруларға шалдығуы мүмкін. Сондықтан, жыл басынан иммунитетіңізді жақсартуға тырысыңыз.

Сәуір мен маусымның арасында денсаулығыңызға барынша көңіл бөліңіз. Таза ауаға жиі шығып демалып тұрыңыз.

Махаббат

Бұл жылы махаббатыңызды жолықтырасыз. Ол алыста емес, қасыңызда жүрген болуы мүмкін. Сондықтан, айналаңызға мұқият зер салыңыз. Жылдың басында басталған қарым-қатынас мықты болады.

Ал егер үйленген болсаңыз, жұбыңызға көп көңіл бөлуге тырысыңыз. Бұл – бақыттың кілті.



Арыстан

Қой жылы арыстан белгісімен туған жандар үшін табысты әрі сәтті болғалы тұр. Жыл бойы қызу еңбек етіп, кейін керемет жерге демалысқа аттануыңыз мүмкін. Алайда сізге бұл жылы төрт қабырғадан шықпай, күні-түні жұмыс жасаудың қажеті жоқ. Иссапарлар мен кездесулерге жиі жол түседі.

Денсаулық

Жұлдыздардың жорамалы бойынша, осы жылы жүйке жүйеңіз сыр беріп, денсаулығыңызға әсер етуі мүмкін. Барлық сырқаттың бастамасы – депрессия екені ұмытпаңыз. Сондықтан өміріңіздегі барлық жайтта сабырлық танытқаныңыз дұрыс. Қыс-көктем айларында жылы киініп, денсаулығыңызға мұқият қарағаныңыз жөн. Сәуір, мамыр, қыркүйек айлары шипажайға барып, емделуге қолайлы уақыт.

Қаржы мен мансап

Соңғы үш айда яғни, күзде сізді толағай табыстар күтіп тұр. Әр жыл сайын күзде байқалатын салғырттықтан құтыласыз. Жаңа идея сізге жаңа мүмкіндіктер туғызады. Күш-жігеріңізді жаңа жобаға немесе нәтижелі іске жұмсауға дайын болыңыз. Бұл жылы сіз «қаржы қат» адамдардың тізіміне енбейсіз! Бірақ туған-туыстарыңыз бен достарыңыздан аянып қалмауға тырысыңыз!

Махаббат

Жеке өміріңізге қатыстының барлығы 2015 жылы реттеледі. Өрине, әркімнің басында әртүрлі жағдай бар. Егер жаныңыздағы адамға мүлде көңіліңіз толмай, төзім таусылса, жалғастырудың қажеті жоқ. Мүмкін нағыз махаббатты өлі кездестірмеген боларсыз. Ал шын сүйетін адамды тапсаңыз, қарым-қатынасыңыз адал әрі шынайы сезімге ұласады. Жұбыңызға қамқор бола біліңіз. Сіздің ақыл-кеңесіңіз сүйіктіңізге аса қажет болуы мүмкін. Жаңа жылда жаңа таныстар өте көп болады. Бірақ сақ болыңыз! Арыстанды қой жылы алдау оңайға соғуы мүмкін.

Кеңес

Биыл іс-қағаздар мен құжаттарға ұқыпты болыңыз. Және қаражатты да ақылмен жұмсағаныңыз жөн.

Сонымен, қой жылында: сіз жақсы адамдармен жолығасыз; биік мансапқа жету үшін жасалған қадамдар сәтті болады; жетістік пен табыс мол болады; жұбыңызбен қарым-қатынаста еш қиындық тумайды.



Шаян

Жұлдыз жорамал бойынша шаян үшін келер жылы қаржы жағынан ұтылмайтын, ең белсенді және жігерлі жұмыс жасап, бизнес және проблемалары жоқ жылы болады.

Белгісіздіктен қорқудың қажеті жоқ, жаңа адамдармен танысуға, іс мәселесінде жаңа қарым-қатынас бастауға жүрексінеңіз. Бұл сізге қаржы жағынан тек табыс әкеліп, көптеген қиыншылықтарға байланысты шешім табуға көмегін береді.

Мансап

Жылдың алғашқы айларында сізде өз әріптестеріңізбен бәсекелес болуыңыз мүмкін. Жұмыстағы барыс-келіс тіпті шиеленісіп кетуі де ықтимал. Бұл айда туылғандар өз идеялары мен ұстанымдарын қорғай алмайтын жұмсақ мінездің иелері болады. Егер жұмысқа шығу керек болса ештеңені де ойламай, өз ісіңізге кірісе беріңіз. Ешкімге тәуелді болмаудың өзіндік қызығы мен қаржылай бақ-дәулеті де болады. Сізде 2015 жылы шығармашылық пен қиын өткелдерден өтуде сәттілік болады.

Қаржы

Келер жылы қаржы секторының өкілдері шаяндарға нарық әлемінің тыныштығына

уәде береді. Жұлдыздар алаяқтық арқылы байып кетуге қарсы және ниетін өзгелердің тағдырын азғыруға жұмсамау керектігін ескертеді. Оңай ақша орны толмас зардаптарға әкеледі.

Денсаулық

2015 жылы сіздің денсаулығыңыз өте жақсы болады. Қой жылы бірінші жартысында жүйке жүйесінің жұқаруы бойынша сізге қамқорлық керек. Қатты жұмысбастылыққа салынбай өз хоббиыңызбен айналысуға кеңес береміз. Табиғат аясына шығып демалу да сізді сергітеді. Тұрмыстағы стресс, жүйкенің жұқаруы адамның ішкі органдарына ықпал жасап, жаман аурулар тудыруы мүмкін.

Махаббат

Шаяндар айналасындағы адамдарға мұқият болуы керек. Жолда кездескен адамдардың бірі сіздің махаббатыңыз болуы әбден мүмкін. Қой жылында сіздер бірнеше жаңа таныстар кездестіріп, өз жұбыңызды табасыз. Сондықтан, шаяндар көбінесе өздерінің түйсіктеріне сүйеніп, сезім мен ұстанымды шатастырып алмауға тырысуы керек. Өмірде өзара түсіністік пен қамқорлыққа, қолдауға ие боласыз.



Таразы

Өткен жылы таразылардың біршама шешілмеген мәселелері бар еді. Келер жылы олар ақырындап шешіледі.

Мансап

Келер жылы таразылар жалақысы жоғарырақ жұмыс орнына ауысуына мүмкін. Сіздің талантыңыз бен ынтаңыз бағаланып, жұмыс берушіңіз тиімді ұсыныс жасайды. Қой жылы өзімен бірге сізге жақсы мүмкіндіктер алып келеді. Барлық істеріңіздің жемісі болады.

Қаржы

Қаржы мәселесінде де жұлдыздар сізге оңынан қарайды. Ақшаңыз мол болады. Қарыздарыңыз да қайтады. Таразылар жағымды энергиясының арқасында табысты жұмыс атқарады. Лоторейадан, құмар ойындарынан аулақ болыңыз, мұндай әдіспен ақша табуыңыз екіталай. Ақша тек адал еңбегіңіздің нәтижесінде көбейеді.

Махаббат

Жалғыз жандар келер жылы өзінің сыңарын табады. 2015 жыл жаңа таныстар мен романтикалық кездесулерге толы болады. Жаңа қарым-қатынас бастауға даярлығыңыз махаббатыңызды кездестірудің кепілі. Өзіңіз бірінші болып танысуға, қоңырау шалуға, кездесуге шақыруға жүрексінеңіз. Алайда, кез келгенге шын жүреппен сенудің қажеті жоқ.

Денсаулық

Денсаулығыңызға мән беріңіз, әсіресе, қаңтар мен наурыз айлары аралығында жылы жүріп, дәрумендерді қабылдаңыз. Келер жылы денсаулығыңызға қатер төнуі екіталай. Сонда да өзіңізді күтуді ұмытпаңыз. Жұлдыздар сізге таза ауа жұтып, жиірек жаяу қыдыруға кеңес береді. Күзде асқазан, ішек тазартуға тура келеді. Оның алдын алу үшін тек дұрыс тамақтануға тырысыңыз.

Келер жыл сіздерге тек шаттық пен қуаныш әкелсін!



Бикеш

Жұлдызжорамал бойынша бикештерге 2015 жыл - жағымды жаңалықтар мен күтпеген тосын сыйларға толы болмақ. Достарыңыз бен жақын адамдарыңыздың кеңестеріне де құлақ асып жүргеніңіз абзал.

Келер жылы бикештер өмірін өзгертуге тырысады. Ағайын-туыс, дос-жарандарына,

ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР КҮТЕСІЗ?

жұлдызы қарсы жандарға қарап, философиялық тоқтам жасауға ұмтылады. Сабырлы қалпында жүріп, төзімділік таныта білу – бикештердің өміріне оң өзгерістер әкеледі. Жалпы, қой жылы бикештер үшін қолайлы болады.

Мансап
2015 жылы бикештердің мансап жолындағы жоғары өрлеуі қайшылықтарға толы. Десе де бұл жұлдызнама иелері ақшаларын орынды жұмсай білсе, мансап жолында да, отбасында да қиындықтар аса көп кездеспейді. Бастысы – өздеріне сену керек.

Қой жылы бикештер қаржы қорын молайту үшін тәуекелге барудан қашпағаны абзал. Бұл жолы ескі таныстар зор көмегін тигізсе, екінші жағынан шетелден серіктестерді іздеуге тура келеді. Өйткені, бұл жұмысыңыздың тасы өрге домалауына септігін тигізеді.

Қаржы
Бикештер 2015 жылы қаржы мәселесі бойынша таршылық көрмейді. Тек кейбір заң жүзіндегі құжаттар әуре-сарсаңға салуы мүмкін. Бірақ, бұл қиындық та өз шешімін табады. Табысқа жету үшін – бикештерге босансуға болмайды. Үлкен істің басын қайырғалы жүрсеңіз, сәуір, мамыр және тамыз айларында тәуекелге барудан жасқанбаңыз. Бұл сіздің қаржы қорыңыздың молаюына да бірден-бір жол болады.

Денсаулық
Жыл басында денсаулығыңызды күтіңіз. Жұқпалы аурулардан абай болыңыз. Өйткені, бұл уақыт бикештер үшін аса жайлы емес. Күз және қыс мезгілдерінде артық қадам жасап немесе алыс жолға шықпағаныңыз дұрыс. Себебі, мұның соңы ауруханаға түсіп қалуыңызбен аяқталуы әбден мүмкін. Өзіңізді-өзіңіз емдеуден аулақ болыңыз. Жұлдыз жорамал бойынша, қой жылында бикештер денсаулығын күтіп, сақтықты естен шығармағандары жөн.

Махаббат
Бикештерге 2015 жылы өзін-өзі тану, таным көзкіеңін кеңейту мен мінез-құлқын өзгертуге кеңес беріледі. Мұның барлығы өздерінің ынтасы мен ерік-жігеріне байланысты болмақ. Қой жылы бикештерді көптеген ойын-сауық кештері мен жаңа таныстар күтіп тұр.



Сарышаян

2015 жылы сарышаяндар белсенді болып, өмірінің деңгейін жақсартуға талпынады. Бұл қоғамық, жеке және кәсіптік өмірге қатысты айтылған.

Жұлдыздар көктемде өзіңізді тежей білуге шақырады. Сөздеріңізге ие болыңыз. Өйтпесе, дұшпандар қатары көбеюі мүмкін. Сарышаян өзінің мақсаттарын орындауға тырысады. Сонымен қатар жақынына да көмектесуден аянбайды.

Мансап
Қой жылы сарышаян кез келген қиыншылықтарға тойтарыс бере алады. Өзіңізге сенімді болыңыз. Мақсатқа жету жоспарын құрып, ақырындап қадам баса беріңіз.

Студенттер күзде оқуда белсенді болады. 2015 жылы сарышаяндардың энергиясы өте көп болады. Жаңа істер, жобалар, бастамалар үлкен энтузиазммен ілесе, уақыт өте келе бәсеңдеуі мүмкін. Қой жылы сізге бір істі соңына дейін жеткізуді үйретеді. Мансабыңыз жоғарыламаса да, жақсы таныстар тауып, абыройыңыз нығайып, кәсіп деңгейіңіз өседі. Интуицияңыз сізді табысқа жету жолына бағыттайды.

Қаржы
Жылдың басында сізге ақшаның судай ағып кететіні байқалса, кейінірек қалтаңыз толысып қалады. Ақшаны басқару мәселесін шеттетпеңіз.

Махаббат
Қаңтар, тамыз бен қараша айларында жеке өміріңізге қатысты маңызды шешімдер қабылдауға тура келеді. Бұл кезеңдер жаңа таныстар әкеледі. Ал қарым-қатынастағы сарышаяндар нақты шешімге келеді. Нәзік жандыларға үйлену жайлы ұсыныстар түсуі әбден мүмкін. Ал ер адамдар өз сүйгеніне

ұсыныс жасап немесе шын махаббатын кездестіріп, өмірін жаңа деңгейге көтеруге ұмтылады. 2015 жылы сарышаяндар жалғыз болуы екіталай.

Денсаулық
Негативті жүрегіңе жақын қабылдамаңыз. Стресске берілсеңіз, көктемде ауырып қалуыңыз мүмкін. Денсаулығыңыз өзіңіздің қолыңызда. Темекі, алкогольден бас тартып, диетаға мойын бұрып, позитивті ойлауға тырысыңыз.



Тауешкі

2015 жыл тауешкіден көшбасшылық, ұйымдастыру қабілетін пайдалануды талап етеді. Адамдарды біріктіру - сіздің басты мақсатыңыз болмақ. Жұмыста іс-шаралар ұйымдастырып, үйде ренжіскен туыстарыңызды татуластырасыз. Ақпан - келіссөз жүргізу үшін таптырмас уақыт. Наурыз, сәуір айларын демалысқа жұмсап, өз-өзіңізге көңіл бөлгеніңіз жөн. Шілде немесе тамыз айларында көптен күткен саяхатты жоспарлауыңызға болады. Жұмыстағы табысты кезеңді қазан айының еншісіне қалдырыңыз. Қымбат зат сатып алу мен маңызды шешім қабылдау уақыты - қараша мен желтоқсан.

Мансап
2015 жыл тауешкі әйел адамдар үшін табысты жыл болғалы тұр. Десе де өмірден аса үлкен нәрсе талап етпейсіз. Айналаңызға бағдарлап қараңыз, сізді ұнатып жүрген жігіт қаншама, жұмысыңыз тұрақты, бүгінмен өмір сүріп, қиялыңызбен аспанда қалықтаудан өз-өзіңізді тежеңіз.

Ал жігіт тауешкілер үшін 2015 жыл жетістіктері жұмыспен байланысты болады. Қызметте өсетіз. Ал шеніңіз өспесе, қаржыңыздың молаюына сенімді болыңыз. Жазға дейін несие алмауға тырысыңыз. Бойдақ тауешкілер осы жылы жүрегінің жартысын жолықтырады.

Қаржы
Тауешкілер үшін бұл жыл басшылық тарапынан жылы көзқарасқа ие болу жылы. Тек барлық дарыныңызды көрсетіңіз. Жұмыс іздеп жүрген тауешкілер айлығы жақсы, тұрақты жұмысқа тұрады. Еселі еңбегіңіз жаз айының басында еленбек.

Махаббат
Жыл бойы тауешкі жігіттер өзінің нағыз ерге тән қабілеттерімен көзге түссе, тауешкі әйелдер нәзік жанды леди ретінде танылмақ. Бұл өзгерісті қоршаған ортаңыз да байқап, сізді таныс ретінде емес, жігіт не қызға қарағандай қабылдайтын болады. Тауешкімен адамдар сөйлескісі келіп, үнемі назарында ұстайды. Бұл сізге сенімділік пен көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды. Өз махаббатын жолықтырған тауешкі қарым-қатынаста тұрақты болмақ.

Отбасылы тауешкілер үшін 2015 жыл өзгеріске толы болмақ. Өзгерістің салдары өкінішке әкеп соқпас үшін тауешкінің ұрыс кезінде үндемей қалуы қажет. Отбасы үшін алғашқы жартыжылдық қауіптірек. Тауешкі жанұясындағы ұрыс-керіс көбіне ұсақ-түйектен басталады. Сондықтан конфликтке түспей, оның алдын алуды ескерте кетейік. Жартыңызға жиі қоңырау шалып, оған көңіл бөліп тұрыңыз. Оның алдында үнемі есеп беру жүйкеңізге тисе де, уақытша шыдасаңыз, бәрі қалпына келеді.

Денсаулық
2015 жылы тауешкілердің денсаулығы сыр бермейді. Сондықтан денсаулығыңыз үшін алаң болмаңыз. Үйде отырып емдей беруге болатын жеңіл аурулар бәрінің басында болатыны анық. Көктемде дәруменді жиі қабылдап, күшіңізді бақылауда ұстаңыз. Таза ауа, қанық ұйқы, жеміс-жидек пен массаж денсаулығыңыз үшін жақсы көмекші болмақ. Көз саулығына баса назар салыңыз. Көзге арналған жаттығулар жасап, монитор мен теледидардан демалып тұрыңыз. Тауешкіге лайық спорт түрі - йога.

Жұлдызжорамалға сенсек, 2015 жыл тауешкіні тағына шығарып, төбесіне көтермек. Өз мүмкіндігіңізге сеніңіз!



Суқұйғыш

Қой жылы суқұйғыштың барлық бастауына сәтті келеді. Олар бір уақытта қызық құмар, сөзге шешен, қамқор және ауыр жұмысқа мойынсынбайтын болып өзгереді. Суқұйғыштар қой жылында кез келген жоспарын жүзеге асыра алады. Дегенмен жоғарыда айтылған суқұйғыштың еш еңбектенбей жетістікке жете алатынын білдірмейді. Олар өз саласында мол еңбектеніп, жыл соңына қарай сүбелі нәтижеге жетеді. Суқұйғыштардың жеке өмірінде де жақсы өзгерістер бар.

Мансап
Суқұйғышқа қой жылында өзі қалаған орында, өзі қалаған мансапта жұмыс істеуіне мүмкіндігі келмейді. Сондықтан олардың мансаптық өсуі болмайды. Себебі жұмыс тек табыс алып келмей, қызығушылықты да арттыруы тиіс. Бұл белгінің адамдары творчестволық қуаты мен дүниетанымын дұрыс бағытқа сала алады.

Қаржы
Суқұйғыштың ең негізгі бағыты творчествоның көмегімен қаржыға бөленуді сүйемелдейді. Олар замандастары арасында тәжірибелі көрініп, оларды өзімен ілестіре кете алады. Басында жәй ғана қызығушылық ретінде басталған жоба кейіннен жақсы табыс кілтіне айналады. Тіпті жеке бизнестің бастауына да көп мүмкіндік пайда болады.

Махаббат
Жыл басында суқұйғыштардың жеке өмірінде жаңа танысу болмайды. Біреулер бұрынғы махаббатын қайта сағына, тағы біреулер барлығына нүкте қояды. Жаңа өзгерістер тек көктемнің жылы лебімен кіріп келеді. Кішігірім ренжісулер маусымның басына қарай болса да, тату өмір сүрудің самалы сізге де келеді. Ұнатқан адамына бірден көңіл қою дұрыс болмайды. Тек өзіңізді бақылай білгеніңіз жөн.

Денсаулық
Суқұйғыштың денсаулығы қыстың суығына қарамастан еш ауыртпалық танытпайды. Негізгі аталған белгінің үлесі тиген адамдар дәрігерге барғанды ұната бермейді. Кішігірім салқын тиіп қалғанда өзінің емдеу әдісін пайдаланады. Дегенмен кейбір жағдайда бұл процесс кері әсерін тигізуі ықтимал. Сондықтан дәрігердің көмегіне жүгінген жөн болады.



Мерген


Бұл жылы сіздердің көптен күткен армандарыңыз орындалып, алыс сапарларға аттануыңыз мүмкін. Бұл жылы сіздің көңіл-күйіңізге жақсы әсер ететін себеп мол болады. Кішігірім кедергілер сіздің өміріңізге әсерін тигізбейді. Барлық шаруаңыз жеңіл өрі жылдам шешіледі. Жаңа дос-құрбы табасыз.

Мансап
2015 жылы Мергендердің көбі жұмыс орнын ауыстыруға бармайды. Себебі, қызмет етіп жүрген жеріндегі ұжым мен қызметі көңілінен шығады. Тіпті кейбір Мергендер бұрынғы жұмыс орнына қайтып келуді көздейді. Жұлдыздар 2015 жылдың күзінде Мергендерге басшылықпен келіспеушіліктер болуы мүмкін деп ескертеді. Алайда ол ұзаққа созылмайды, барлығы реттеледі.

Қаржы
Көктемде сіздерге қаржылай қиындықтар туындауы ықтимал. Бұл тығырықтан шығу үшін туыстарыңыз қол ұшын береді. Дегенмен қарыздарыңыз бен несиелеріңізден құтылу оңайға соқпайды.

Сәуір мен шілде айларының арасында жеңіл ақша табасыз. Лотерея немесе конкурс жеңімпазы атануыңыз мүмкін. Сәттілік сіздің серігіңіз болады. Сондай-ақ жылдың соңында сіз жақын адамыңыздан немесе ағайын-туыстарыңыздан өте бағалы сыйлық аласыз.

Махаббат
2015 жылы Мергендер өздерінің өмірлік



сынарларын кездестіруі әбден мүмкін. Бұл жылы көп танысқа тап боласыз. Көктемде сіздің қаржылай мәселелеріңізді шешуге көмектесетін қамқор адаммен танысуыңызға мүмкіндік бар. Бірақ сіз жолықтырған жанның жасы сізден біршама үлкен немесе кіші болуы мүмкін.

Қараша айының аяғында туылған Мергендер бұрынғы сүйіктілеріне оралуы мүмкін. Алайда ұмытылмас сезім сіздерге алға қарай нық қадам басуға кедергі келтіреді. Іс-әрекетіңіз сіз ойлағандай болмайды. Сол себепті сіз өткенге оралмай, барлығын жаңадан бастауға тырысыңыз.

Денсаулық
Астрологтар ауруханаға жатқыңыз келмесе, 2015 жылы денсаулығыңызға көп қарауыңыз керек деген болжам айтуда. Барлық зорығулар сізге кері әсерін тигізуі мүмкін. Дәрігерге қаралуды естен шығармаған жөн. Және үйде жатып емделмей, бірден дәрігерге бару керектігін қатаң ескертеді.



Балық


Балықтардың келер жылы өздерінің көздеген мақсат-мұраттарына жетуге бар мүмкіндіктері болады. Қой жылы сіздерге жаңалықтар, табыс пен мол мүмкіндік әкеледі. Келер жылы ішкі дауысыңызды мұқият тыңдап, жұмысқа жауапкершілікпен қарауыңыз керек.

Мансап
Қой жылы балықтарға жаңа бастама алып келеді. Жұмыста ұжым басқару секілді жауапкершілігі жоғары істерге араластыруы ықтимал. Сол кезде балықтарға өзінің барлық қабілетін көрсетуге қолайлы сәт туады. Бұл дегеніңіз сізге артылған жүктің үлкен болатынын аңғартады. Жұмыста жалақыңыз жоғарылауы мүмкін.

Қаржы
Сәуір айының екінші кезеңі мен мамыр айының ортасында дүниеге келген балықтарда кей мәселелер туындайды. Бұл уақыт аралығында қарызға ақша немесе несие алудың еш керекі жоқ. Керісінше біреуге борышты болсаңыз, дер кезінде қайтару қажет. Жылдың екінші жартысында өзіңіздің сүйіктіңізге байланысты жасаған шығындарыңыз көп болады. 2015 жылы құмар ойындардан өзіңізді аулақ ұстаңыз. Ақша балықтарға тек маңдай термен ғана келеді. Тағы айта кететіні, барлық күш жігеріңізді мансапқа бағыттауға тырысыңыз. Себебі қаржы табу тікелей осыған байланысты.

Махаббат
Ақпан айының басына дейін осы белгі өкілдерінің сезімі құбылмалы болмақ. Сіздер әрдайым ұнатқан адамыңызды құлай сүйетіндей ғашық күйде боласыздар. Мұндай құбылыс тек жалғыз басты жандарға ғана емес, сонымен қатар қасында серігі бар жұптарға да тікелей қатысты.

Денсаулық
2015 жылы суық тию аурулары денсаулықты жиі мазалайды. Ол үшін күнделікті түрде әртүрлі пайдалы дәрумен мен иммунитетті жағарылататын пайдалы тағамдар жеу керек. Қыстың алғашқы айында денсаулықты шымырлату қажет. Көктемде сіз тұр-тұрпатыңызды өзгерткіңіз келеді. Бұл, әсіресе, әйел адамдарға қатысты. Осы уақытта спорт кешеніне барып, жаттығу жасасаңыздар абзал.



Қой жылы – жылқы жылынан кейін, мешін жылынан бұрын келетін мүшел есебінің сегізінші жылы. Қой жылы Азия халықтарының көпшілігінің күнтізбелерінде қолданылады. Григорий күнтізбесі бойынша, 2003 жылдың 22 наурызы мен 2004 жылдың 21 наурызы аралығына сай келеді, одан кейін 2015 – 2016, 2027 – 2028, 2039 – 2040, т.с.с. жылдары қайталанады. Қазақтар қой жылын жақсы жыл санайды. Өткен қой жылдары халыққа жайлы болған, ел молшылыққа кенелген.

Қазақша жыл санау Халықтық жыл санау есебінде 12 жыл аты бар болса, олар туралы деректер VIII ғасырдағы «Күлтегін» ескерткіштері мен XI ғасырда өмір сүрген Махмұт Қашқаридың еңбектерінде кездеседі. Қазақша жыл санау мен жыл қайыру кестесі бойынша, жылдар бірінен соң бірі былай аталады: тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз. Жыл басы қазақтарда тышқаннан және Наурыз айының 22-сінен басталып, ол он екі жыл бір айналғанда мүшел жасты құрайды. Алайда, адамның алғашқы мүшелі - 13 жас.

1966-67 қой жылында Қазақстанда миллиард пұттан астам астық алынды. Құнанбай қағым қой жылы туып, Шоң би қой жылы қайтыс болған. Қазақстан 1991 қой жылы тәуелсіз ел

атанған. Ахмет Байтұрсынов қой жылы (1873) дүниеге келген.

Қой жылы туылған адамдардың мінез-құлқы жайлы ел арасында сәл нәрсеге ашуланады, қисайған бетінен қайтпайды деген сыңайдағы сөздер бар. Сондай сәттерде өзіне де, жанында жүргендерге де қауіпті делінеді. Өзін жарға жығатын мінезі – шешімді тым асығыс қабылдайтындығы. Қой жылы туғандардың бәрі ондай пікірде деген ойдан аулақпыз. Қой жайма-шуақ, қоңыр мінездің иесі болғандықтан, бұл құбылыс оларға да әсер етеді. Қой жылы туғандар өзгелермен тез тіл табыса біледі, сәнді киінуді ұнатады. Сезгіш, өнер тапқыш, қиялға бай болады. Алайда, ерке, қыңыр, құбылмалы болады. Бұл жылы туғандар суретші, актер, бағбан сынды мамандықтарды таңдайды.

Шопан ата туралы Шопан ата – қой түлігі мен шопанның пірі. Зерттеушілердің пікірінше, шамамен XIII – XIV ғасырларда өмір сүрген және Қожа Ахмет Иасауи тариқаты басшыларының бірі болған. Жалпы ислам дүниесінде әрбір кәсіптің киелілігін, абыройлығын әйгілеп, ол кәсіптердің бастауында тұрған рухани ұстаз, қасиетті пірге құрмет көрсету дәстүрі бар. Сондай-ақ дәстүрлі қазақ мұсылмандығында да қазақтың ата кәсібі мал шаруашылығына байланысты пір тұтылатын қасиетті есімдер бар. Солардың бірі - Шопан ата. Ол Иасауи тариқаты дәстүрінің ұстазы ретінде тарихи тұлға болса да, халық жадында шопандық кәсіптің пірі ретінде аңыздық тұлға болып сақталды. Халық арасында Шопан ата туралы аңыз әңгімелер көптеп таралып, қой түлігінің қасиеттерін дәріптеген және сол кәсіптің иесі пірден қолдау, желеп-жебеу тілеп, мұсылмандық дәстүрмен рухани жалғастыққа ұмтылған.

Шопан ата қорымы – тарихи-этнографиялық мәдени ескерткіш. Батыс Қазақстан жеріндегі көне сәулет өнеріне (XII – XX ғасырлардың басы) жатады. Қазіргі Маңғыстау облысындағы Сенек ауылының солтүстік-шығысынан 25 км жерде орналасқан. Қорым аңыз бойынша Қожа Ахмет Иасауидің шәкірті Шопан ата салдырған мешіті төңірегіне жайғасқан. Шопан ата қорымы жергілікті халықтың ертедегі салт-дәстүрін, жерлеу рәсімін танытатын діни архитектуралық құрылыс түрінде салынған. Ол

Болжам

№ 01 (03) 2 қаңтар 2015 жыл

Қой жылы туралы деректер



алып жатқан жер көлемі мен ескерткіштерінің саны жағынан (2 мыңнан астам) Арал – Каспий өңіріндегі ең ірі қорымның бірі, әрі қазақ және түрікмен қорымы деп нақты межеленіп, екіге бөлінген. Оның дәл ортасындағы әк тастан қашалып жасалған мешіт бірнеше бөлмеден тұрады. Мешіт ауласында “қасиетті” тұт ағашы өскен және жуынып-шайынатын тас суат бар. Қорымның солтүстік-шығысында құжыралар, михрабтар мен намаз оқып, демалатын негізгі жайлар, ал шығыс бөлігінде көптеген сағанатам, күмбезді кесене, құлпытас, қойтас пен сандықтастар орналасқан. Мұндағы ескерткіштер архитектуралық және әшекей-өрнектік шешімі жағынан сан түрлі: олар әктас, құмтастан қашалып жасалған. Ірі құрылыстардың ішінде ерекше көзге түсетіні – сағана тамдар. Олардың кіре берісі кесенелер секілді оңтүстікке қарайды. Шопан ата қорымын М.Меңдіқұлов басқарған архитектуралық экспедициясы (1952), Қазақ КСР-і Мәдениет министрлігі (1977 – 78) және Республика ескерткіштерді қорғау қоғамының (1982) экспедициясы зерттеген.

Енді мал пірлері туралы аңызға назар аударып, оны ішінде Шопан ата жайлы аңызды назарларыңызға ұсынамыз. Бұл

аңыздың қағаз бетіне түсуіне үлес қосқан - Болат Бопайұлы.

Баяғыда жыл санауымыздан бұрынғы ықылым замандарда адам баласы төрт түлік малдың атын білмейтін, қолға үйретпеген кезде, топ-топ болып орманды, тауды, өлкелердегі үңгірлерді мекен етіп, ағаш, тастардан әр алуан құрал жасап, сол құралдың көмегімен аң аулап, құс құлап, тіршілік етеді екен. Жуас, бейуаз, қоңыр аңдардың етін қорек етіп, терілерін төндеріне жамылып күн көрген. Сол замандағы алғашқы жабайы адамдар осылай топтасып өмір сүрмесе, бірігіп тіршілік көрмесе, жалғыз жарым, жалқы қалғандарын аю, жолбарыс, арыстан, қабылан, қасқыр сынды жыртқыш аңдар жәркемдеп жеп, жеміне айналдырады.

Сол жабайы адамдардың арасында да ғажайып батыр, балуан, шешен, көсем, тапқыр, айлалы кісілер болыпты. Сондай адамдар бытырап жүрген топ-топ тайпалардың басын бір жерге қосып, ұйымдастырып өмір сүреді екен. Сөйте-сөйте жиналып, үлкен қауым елге айналған бір топтың басшысы «Қазғақ» деп аталады. Қазғақ жеті ағайынды екен. Жетеуі де бірінен бірі өткен батыр екен. Олар Қазғақ, Қамзақ, Қамбар, Ойсыл, Зеңгі, Шопан, Шекшек деп аталады екен. Жетеуі жеке

жүріп те жыртқыш аңдарды аулай береді. Жетеуінің денесінен бір түрлі иіс шығып тұрады екен. Сол иісті жыртқыш аңдар алдын ала сезіп, бұл жеті ағайынды жүрген жерге жоламайды екен.

Қазғақ жеті өнерді меңгерген, ақылды, көреген, данышпан болғандықтан, жиналған көп тайпаны сол билеп-төстеп тұрыпты. Қалған алты інісі Қазғаққа мықты қолғанат рөлін ойнапты. Қалған тайпалар оларға уыздай ұйып, қазғақтың айтқанын істеп, жұмсағанын ақтарып күн көріпті. Түндер өтіпті, күндер өтіпті, айлар аунап, жылдар жылыстапты. Сөйтіп жүргенде тайпаға тайпа қосылып, қауымы да көбейе беріпті. Жалпақ жұртқа айналыпты. Мекендеген жерлері ұлғая беріпті.

Қазғақ бір күні жатып алып түс көріпті. Түсінде қызық іс көріпті. Түсіне Адам ата кіріп, ақыл-кеңес беріпті: «Әй, Қазғақ, сен расында батырсың, ақылдысың, данышпансың, алты інің сенен де өткен батыр. Сенен де данышпан, білгір. Тайпаң көбейді, жерің үлкейді, мекен-жайың кеңейді. Енді сен жалғыз басқаруға шамаң келмейді. Қол астыңдағы адамдар бұдан да көбейеді. Көбейген сайын бөлінеді. Сен содан бұрын алты ініңді тәрбиелеуің керек. Ол үшін оларға дымды да білдірмей алтауын алты жаққа ай далаға апарып тастасаң, олар бір таңғажайып кереметті жаратады. Сол кереметтен кейін алты інің бөлінетін тайпаны басқарып, сенің мәртебенді асырады», - депті.

Қазғақ енді бұрылып, інісі Шопанға қарады: «Шопан, сен мүйізі шығырықтай етіп қойларды айдап келіпсің, енді сен «Шопан ата» аталасың», - деп:

Қой пірі – «Шопан ата», Бата берейін, маған қара. Ай мүйізі шақпақтай, Шүйделері тоқпақтай. Тегене құйрық қошқарлы, Тұяқтары ашалы. Қойды айдап келіпсің, Бар сырын ұғып, біліпсің. Ақсағаннан ақсаған, Қозысы өлсе қақсаған. Аппақ сары сүті бар, Шағаладай «құты» бар. Мол-момақан жануар, Бабын тапқан жан бағар. Қой бақпаған құр қалар. Қойдың сүті қорғасын, Қойды қырған оңбасын. Шопан ата аталсын, Ел аузында жатталып, Өмір бойы сақталсын!

Батадан кейін Қазғаққа сары-бас қошқарын тарту етті. Қазақтағы ақсарбас қой шалу, қой малына «Шопан ата» деп ат беру салты содан басталады.



Жұлдыз жорамал бойынша жақсы жамалы мен кемшілігің


Жұлдыз жорамалға қарап, адамның болмысын ашуға болады. Кейде тіпті жұлдыз жорамалда айтылған нәрселер дәлме-дәл келіп қалғанда, ерекше таңғалып қалатынымыз бар. Мамандар әр белгінің жақсы жағы мен кемшілігін саралауға тырысқан екен.

- **ТОҚТЫ**
- Жақсы жағы:
 - + Туған күні жылы мезгілде,
 - + Жігерлі,
 - + Сезімтал
- Жағымсыз жағы:
 - Күйгелек
 - Агрессивті (тоқты белгісіндегі адаммен сөз таластырудың қажеті жоқ)
- **ТОРПАҚ**
- Жақсы жағы:
 - + Мақсатына жетпей тынбайды
- Жағымсыз жағы:
 - Қырсық
 - Қызғаншақ
- **ЕГІЗДЕР**
- Жақсы жағы:
 - + Көбіне көңілді жүруге тырысады
 - + Адамдармен жақсы араласа алады
 - + Үнемі жаңа идеялар жетегінде жүреді
- Жағымсыз жағы:

- Көңіл-күйі аумалы-төкпелі.
- Достарының пікірінен шыға алмайды
- **ШАЯН**
- Жақсы жағы:
 - + Сезімтал
 - + Қарым-қатынасқа оңай түсе алады
 - + Достыққа тұрақты
- Жағымсыз жағы:
 - Көңіл-күйі аумалы-төкпелі
 - Сын қабылдай алмайды
- **АРЫСТАН**
- Жақсы жағы:
 - + Мақсатты
 - + Сенімді
 - + Батыл
 - + Көмек сұраған адамның бетін қайтармайды
- Жағымсыз жағы:
 - Қырсық
 - Атаққұмар
 - Сын көтере білмейді
- **БИКЕШ**
- Жақсы жағы:
 - + Ұқыпты
 - + Өз-өзін ұстай алады
 - + Байқампаз, өз қателігін көре біледі
 - + Сыртқы келбеті тартымды
- Жағымсыз жағы:
 - Кейде тіпті ұқыпты болып кетеді, бұл төңірегіндегі адамдарға кері әсер етеді

- Өмірге көп өкпе артады
- Қызғаншақ
- **ТАРАЗЫ**
- Жақсы жағы:
 - + Сабырлы
 - + Әділ
 - + Жансыз нәрсенің аты берілген бірден-бір белгі
 - + Жауапкершілігі жоғары
- Жағымсыз жағы:
 - Көңіл-күйі аумалы-төкпелі
 - Достарының пікіріне бағынышты
 - Үнемі достарының қолдауын күтеді
- **САРЫШАЯН**
- Жақсы жағы:
 - + Белсенді
 - + Бастаған ісін тастамайды
 - + Жауапкершілігі жоғары
 - + Достыққа тұрақты
 - + Өз пікірі бар
- Жағымсыз жағы:
 - Қызғаншақ
 - Өзімшіл
 - Кек сақтайды
- **МЕРГЕН**
- Жақсы жағы:
 - + Көңілді
 - + Батыл
 - + Сырт келбеті сүйкімді
 - + Адамдарға көмектесуге әзір
 - + Есте сақтау қабілеті жоғары
- Жағымсыз жағы:
 - Кек сақтағыш

- Олақ
- Сенімсіз
- Дерекі
- **ТАУЕШКІ**
- Жақсы жағы:
 - + Мақсатқа ұмтылғыш
 - + Сенімді
 - + Қарым-қатынасты жақсы құра алады
 - + Көшбасшы
- Жағымсыз жағы:
 - Кейде тауешкіге төзу мүмкін емес
 - Кек алғыш
 - Мақсатына жете алмаса, бәрін жек көріп кетеді
- **СУҚҰЙҒЫШ**
- Жақсы жағы:
 - + Адамдарды ажырата алады
 - + Мейірімді
 - + Достары көп
 - + Өзілқой
- Жағымсыз жағы:
 - «Жоқ» дей алмайды
 - Көбі суқұйғыштарды біртүрлі адам деп таниды
- **БАЛЫҚТАР**
- Жақсы жағы:
 - + Дарынды
 - + Мейірімді, жомарт
 - + Өзгенің қызығушылығын өз қызығушылығынан жоғары қояды
- Жағымсыз жағы:
 - Көп адамдар үшін шешуі қиын жұмбақ
 - Аңқау, балықтарды алдау оңай.

**Жанас Арысов (1942 - 2014 ж.ж.)****Қимас дос, ақжарқын азамат**

Қимас дос, адал да ақжарқын азамат ортамызға сыйлы, әзіл-күлкіміз жарасқан, үлкенге іні, кішіге аға, істеген жақсылықтарын бұлдауды білмеген, кісімсінуден аулақ болып қадірін түсірмей, озбырлықтан шет жүріп, абыройы кетілмей кеткен Арысұлы Жанас о дүниеге мәңгілік сапарға аттанды.

Арыс атты текіден қалған тұяқ Жанас қай уақытта да асығып жүруші еді, тыным таппайтын сол еңбегі жемісті болды, ең бірінші өз отбасына керекті дүниені жинап беріп кетті, адал еңбегімен, жанкештілігімен, өнегелі тәрбиесімен жұмыста да абыройлы болды.

Цех бастығы дәрежесіне жетіп 28 жыл бойы комбинаттың кем-кетігін жөндеп іске қосып абыроймен үлкен ұжымды басқарды. Төккен тері лайықты бағасын алды. Елбасының ыстық ықыласына ие болды. Омырауы орден медальге толды.

Сондай екенмін деп бірде-бір рет көкірек көтергенін елу жылдай сыйлас, дәмдес болып бір үзім нанды бөлісіп жеп жүрген біздер байқаған емеспіз. Ортамыздағы орны үңірейіп қалды. Қатарымыз сиреген сайын дәуіріміздің өтіп бара жатқанын сезінгендейміз. Өз дәуірінің шарықтауына өлшенбес үлес қосқан Жанас досымыз өз ортасымен қоштасып қолын бұлдады. Дауасыз, опасыз дүние-ай, не десек болады, дауа бар ма? Топырағың торқа болып, қабірің нұрға толсын!

Достары: Т. Смағұлов, Е.Төлеубаев, А.Сағынбеков, Е. Байтелесов, Ж.Жұмашев, С.Машанов, Б.Өтегенов, Ш. Хамитов, Б.Ордабаев, С. Серікбаев, тағы басқалары.

Мерей мен меіірім иесі еді...**Аралдың Жанасы...**

Біздің ауылға да жау шаба бастапты, біздің өрісімізге де өрт ұшқыны іліне бастады. Қамшының сабындай қысқа ғұмырды одан сайын келтелетіп Жанас-аға да өтті өмірден. Арыстың Жанасы. Дұрысы жалғыз Арыстың ғана емес, Теміртаудың хас азаматы еді. Шешеміз аса қадір тұтатын алты арыстың бірі-тін. Біздің шаңыраққа сыйлы азаматтарды шешеміз осылай атайтын. Ағамыз үлкен-кіші демей баршамызды қадірлей білді. Әкешешеміз келмес сапарға кеткеннен кейін де ауылдың үлкені ретінде тоңторис жүре бермей, үлкен мен кіші арасында сирек болатын қарым-қатынасқа селкеу түсірмегені де шындық. «Ата-анаңның көзін көргенді сыйла» делінген хадисте. Бір-біріміздің қадір-қасиетімізді бағалып, аялап жүрдік. Киімнің жағасы, достың ескісі жақсы дегенді ұмытпадық. Сөйткен шоң аға жоқ енді...

Ол алаштың астанасы болған – Қызылорда облысының батыс бөлігіндегі ел «ақұдай» деп атап кеткен көрі Аралдан еді. «Туған жердің топырағы» деген ұғым бар. Бұл ұғымның қай заманнан келе жатқанын кім білген. Біз әйтеуір осы бір ыстық ұғымның адамның селді серігі екенін білеміз дейді аңдағандар. Туған жердің топырағын алғаш рет сезіну – сірә, өмірді сезінудің басы ма деймін. Қазірде, неше жыл өткен соң, туған жер жиі-жиі түске кіріп, құс табанға шағыр кіріп, селдір өскен құртқашашын тараған балалық кезің бен өзегің талғанша көк теңіздің өзегіне түсетін боз балғын шағын көз алдында қалқып шыға келетіні бар. Сол сары ала сағыныштан шығар Жанас аға қарт Аралын аузынан бір тастамайтын. Ауылға барып қайтқандағы әңгімесін айтқанда тастан құлай аққан бұлақтай сылдырап өңкей келісім құрап ауыздың суын құртатын. Әңгімеге дос, сөзге салмақты қарайтын...

«...Қазақ арасында жердің ең бір шұрайлысын Швеицарияға теңейтін әдет бар. Өркениет өлшемін білдірер білік көрсеткішінің көрінісі. Көкшетаудың сексен көлінің ең көріктісі – Бурабайды, ерке кербез Баянауылды, ескі жыр «Қозы Көрпеш-Баян сұлуда» аталатын Баянның қарқарасы іспеттес Қарқаралыны да соған теңейді. Бұлар, сөз жоқ, таулы-тасты мекендер ішіндегі ең әдемісі шығар-ақ. Солай десек те, жазық, құмды дала сұлулығын кім

бағалап жатыр? Оны неге сезінбейміз, жер жәннатының қайсысына теңейміз? Десек те, біз үшін Арал атырабынан асқан сұлу жер жоқ: шөлейтке ұласқан ақ шағыл құмы, еңсесі түскен сары шашты ақ селеуі, иісі мұрынды жарып аңқыған жусаны, елеңдеген елебегі, ызындаған итсигегі, бұйрат құмына сүйенген шырпысы мен ыстығына бауырын басқан адыраспаны, түйе сүйсінер жантағы – бәрі-бәрі тым көркем. Аптапты даланың да қадір-қасиеті, өзгеше бітімі, бейне-болмысы ерекше бөлек болады екен. Біз мұны ауылдан алғаш жырақ кеткенде-ақ сезінгенбіз» дейтін еді ағамыз...

Жері сортаң, қысы қытымыр, жазы аптап, ыстық, табиғаты қатал шөлейтті аймақ болса да – бұл өлкенің бөлекше бітім-жаратылысын, екінші бірі аңғара бермейтін әсемдігін сезіну үшін туған жерге төл перзенттік көзбен қарау керек шығар. Адам бойындағы мінез-құлық, тектілік қадір-қасиет туған жерден даритыны анық. Жанас аға бойындағы шыдамдылық, төзімділік, сары алтындай сабырлық сол қасиетті атынан айналайын Аралдан жұққан жұқана екені ақиқат. Арал мен Аға егіз еді...

«...Сол 50-60-жылдардан басталған жастық шақта жырақтағы жерлестер үшін «Аралым» әні әнұранға айналды. Жаныңды ілезде баурап алар ол әннің әуезінде отаның мен туысқа деген сал сағыныш пен бал сүйініш, таза махаббат пен биік адамгершілік, сұраусыз жақсылық пен қайтпас ізгілік, жарқын қуаныш пен толмас күйініш, шынайы мұң мен жарасты наз, тәтті шер мен қатты нала, бәрі бар. Ол біздің өміріміздің баяны, өлшемі еді. Орталық Қазақстан өңіріндегі Арқа жақтың ару қызы қарқарадан үзіліп түскен мен бір ақ моншақпын деп наздansa, біз Аралдың тамшысымын деп, қайран Аралды көлденең тартушы едік, теңіздің тамшысында мұхиттың дәмі бар деп қырындаушы ек. Өмірдің жастығы, көңілдің мастығы екен ғой соны айтқызыған» дер еді Мәкең жеңгемізді меңзеп...

Содан кейінгі тарих Теміртаудың қаласына ұласты. «Қай жердің отын оттасаң, сол жердің суын ішесің» дейді қазақ...

Қарттардың да қарты бар - ақсақалы бір бөлек...

Әдеттің де озығы мен тозығы болады. Ата жосығынсыз бос қалған қазіргі

қоғамымыз «сауысқанға бақ берсе, бүркіт қызмет қылады» керін кешіп отыр. «Өзіміз өз болғалы, сөзіміз бөз болғалы» деп ауыз толтыра айта алмаймыз. Теміртауда да сол кеп. Сондықтан бір топ қала ақсақалдары кезінде ұлттық рух үшін күреске шыққан еді. Соның бел ортасында Жанас аға жүрер еді.

Тарихты қаузасақ қазақтың қаншама ғасырлар иінінде қалыптасқан әдет-ғұрпы қашан да халықтың рухани азығы, қажетті мұрасы ғой. Оны халық өмірінің айнасы десе болғандай. Әдет-ғұрыптан бастау алатын ақсақалдар алқасы институтының қазақ қоғамындағы орны етене бөлек, маңызы айрықша болды. Төртеу түгел, бесеу бүтін болсын дейтін ол қоғамның ұйымдық қажеті үшін құрылып, қалаберді өмір заңдылығы, ел ішінде болып жататын құбылыстарын жіті аңдап пайымдап отыру үшін құрылды. Алқа мүшелігіне танымы кең, тәжірибесі мол, табиғи жаратылыстың, саясаттың сырына қанық, қоғамдық дамудың сан үрдістерінен хабары бар адам ғана сайлана алды. Аузы дуалы дейтін тектілер де осылар қатарында. Бұл ел басқарудағы қазақ халқының өзіндік далалық демократияның жарқын үлгісі еді. Жалпы көшпелілер даласы өзіне тән ерекшелігі бар, өзін тұтастай сақтап қалған кеңістік-тін. Бұл кеңістікте өзгеше бір «реттеу жүйесі» қалыптасқан. Яғни, онда өзін-өзі реттеп отыратын арнайы қоғамдық-құрылымдық жүйе болды. Ауылды – ақсақал, аймақты – би, ұлысты – сұлтан, жүзді – хан, жүздерді – қаған басқарды. Бұл іргесі берік жүйелер еді. Осылайша ақсақалдар алқасын ауыл ұстынындағы билер кеңесінің бір көрінісі еді деп дәйектей аламыз. Міне, осы миссия Жанас ағаға да бұйырды. Теміртау үшін қосқан үлесі баршылық дейміз. Мұнысы қазақы қала жұртына анық. Көріп тұрып айтпаған – көргенсіздік белгісі дейді, көргенсін, білгесін айтып отырмыз мұны.

Өмірдің басы – сайран, түбі – айран. Артында қалған балалары айрандай ұйыса дейміз. Қадірі көп екенің қадірін жоғалтпаса деген бізде қалтқысыз тілек бар. Құдайға не шара.

Елеужан СЕРІМОВ,
ІІМ Қарағанды академиясының
профессоры,
заң ғылымдарының кандидаты
полиция полковнигі

Көңіл айту

дальдарымен, III дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды.

Жанас Арысовтың қайтыс болуына байланысты оның отбасы мен туған-туыстарына, жақындарына қатты қайғырып, көңіл айтамыз.

Н. Сұлтанов,
қала әкімі.
А.Бегенев,
ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты,
В.Свиридов,
қалалық мәслихат хатшысы,
В.Нехорошев,
С.Ибрагимов,
К.Мұхамеджанов,
А.Есмұрзаев, С.Тымченко, Ш.Мырзақасымов, С.Көшімбаев.
«АрселорМиттал Теміртау» АҚ әкімшілігі, «Жактау»
кәсіподақ комитеті, А.Жүнісов, Қ.Омашев, А.Асанов,
Т.Ысқақов, В.Никонов, Е.Төлеубаев, Н.Вахитова.

Азалы жыр

Жанас-ай... Жаратқалы қазалы қыр,
Сендей-ақ болар кешкен таза ғұмыр.
Мадақ жыр жазамын деп жүргенімде,
Амалсыз жаздырдың-ау азалы жыр.

Дәуірде жас жүректер алас ұрған,
Ұранға Жауыртауда дала тұнған.
Жапанда құйын кезген Құрыш қала,
Жастардың жалынынан жаратылған.

Туғаннан жылқы мінез боздақ едің,
Аралдан аттандырған қолдап елің.
Елу жыл комбинаттың отын үрлеп,
Намысын Теміртаудың қорғап едің.

Ешкімді санамайтын тіпті бөтен,
Теміртау болды саған құтты мекен.
Сене алмай жүрдің осы жерұйыққа,
«АрселорМиттал» туын тікті десем.

Бірі едің жігіттердің бағы жанған,
Елің де еңбегінді танып алған.
Күрделі комбинаттың әр цехында,
Жанастың саусағының табы қалған.

Жанында жүргендігін кереметтің,
Тіріде жатпайды екен елеп ешкім.
Құзындай Марианның терең едің,
Шыңындай биік едің Эверестің.

Құрыштай шымыр едің, айбатты едің,
Қылыштай жауға сілтер қайрап тегі.
Егемен еліміздің, Елбасының,
Қажымас, үзеңгілес қайраткері.

Кезің жоқ биігіңнен төмендеген,
Теміртау Жанас десе елеңдеген.
Түсіме үш ұйықтасам кірмес еді,
Қаралы күніңді бұл көрем деген.


Қаралы желтоқсанға тұнып қайғы,
Сағаты бір жүректің тұрып қалды.
Азалы жылдарды ел ұмытқанмен,
Арыстың ардақтысын ұмытпайды.

Қасым БОТАНОВ

«Құрыш қала KZ» газетінің редакциясы қаламыздың белгілі азаматы, ардагер металлург, басылым жанашыры

Жанас АРЫСОВТЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына қайғырып көңіл айтады.



Біле жүріңіз

Жаңа жыл мерекесі туралы қызықты деректер

білесіз бе? Бұл дәстүр Азияда қалыптасқан. Фейерверктің шу мен оттарынан жамандық атаулы қашады деп есептеген.

7. Бразилияның астанасы Рио-де-Жанейро қаласына әлемдегі ең биік шырша орнатылған. Оның биіктігі – 76 метр.

алма, печенье, шақпақ қанттар мен жылтырақ әшекейлерді ілген.

11. Санта-Клаустың бұғыларының есімдері: Дәшер, Дэнсер, Прэнсер, Виксен, Комет, Кюпид, Доннер, Блитцен.

12. Жаңажылдық шыршаны безендіруге арналған әйнек шыр-



8. Аяз Атаның немересі болған Ақшақар тек 20-ғасырдың 50-жылдарында ғана «дүниеге келген».

9. 1516 жылы Англияда Генрих VIII-нің үйінің есік алдына құрылған шырша алтыннан құйылған.

10. Жаңажылдық шыршаны безендіру ең алғаш Эльзас (сол кезде Германия құрамында болған, қазір Франция елінде) қаласында бастау алған. Безендіру үшін түрлі-түсті қағаздардан раушан гүлдерін жасаған. Шырша бұтақтарына

ша шары ең алғаш XVI ғасырда Тюринг қаласында жасалған. Осындай тағы басқа шырша ойыншықтары тек XIX ғасырда ғана жаппай өндіріле бастаған. Шыны ұсталары әйнек ойыншықтар жасаса, көмекшілері картон қағаздан қоңырау, жүрек, жануарлардың бейнелерін, шар, шырша бүршігін, жаңғақ сынды түрлі бейне қиып, ашық түстермен бояған.

13. 1843 жылы Лондонда алғаш ашық құттықтау хаты басылған.

Жаңа жыл мерекесі - әлемдегі қуанышқа толы ғажайып мерекелердің бірі. Бәріміз Жаңа жылдан жаңа бақыт күтеміз. Жаңа жыл, оның тарихы туралы барлығыңыз жақсы білесіздер. Сондықтан біз бүгін Жаңа жыл мерекесі жайындағы қызықты деректерге кезек береміз.

1. Үйге жаңажылдық шыршаны әкеліп, безендіру адамзат баласына 150 жыл бұрын бұйырған екен.

2. Жаңа жылды орыс патшалығы үш ғасыр бұрын 1 қыркүйек күні атап өткен. Тек 1 Петр келген соң, 1 қаңтарға ауыстыруға үкім шығарған.

3. Аустралия елінде мерекелік дастархан үстіне құс етінен жасалған тағамдар қойылмайды.

4. АҚШ-та Ақ Үй алдында алғаш рет 1895 жылы шыршаға ілінген электрлі түрлі-түсті тізбек жанған.

5. Кеңес кезінде түсірілген «Тағдыр тәлкегі немесе жеңіл буыңызбен!» («Ирония судьбы, или с легким паром») киносы теледидарда 31 желтоқсан сайын 35 жыл көрсетіліп келе жатыр.

6. Жаңа жылда отшашуды не үшін пайдаланатынымызды

Қой жылы болған маңызды тарихи оқиғалар

Қой жылы 1991 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алды.

1907 қой жылы жазушы, аудармашы, сыншы Әлібек Қоңыратбаев дүниеге келді.

1907 қой жылы ғалым, филология ғылымдарының докторы (1947), профессор (1950), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1961), Қазақстан Ғылым академиясының академигі Қажым Жұмалиев дүниеге келді.

1919 қой жылы башқұрт ақыны, Социалистік Еңбек Ері Мұстай Кәрім дүниеге келді.

1931 қой жылы ақын Мұқағали Мақатов дүниеге келген.

1943 қой жылы жазушы-драматург, журналист, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы Жастар сыйлығының лауреаты, Н.Островский атындағы Бүкілодақтық әдеби сыйлықтың лауреаты Оралхан Бөкей дүниеге келді.

1943 жылы мәдениеттанушы-ғалым, дипломат, мемлекет және қоғам қайраткері Мұхтар Әуезовтың ұлы Мұрат Әуезов дүниеге келді.

1955 қой жылы қазақ ұлты мен әлем халқына елеулі үлес қосқан Билл Гейтс, Таласбек Әсемқұлов, Қуандық Түменбай, Қырымбек Көшербаев, Толымбек Әбдірайым сынды азаматтар өмірге келген.

1979 қой жылы журналист, қазақ баспасының тарихшысы, тарих ғылымдарының докторы (1965), профессор (1976), КСРО журналистер Одағының мүшесі Қайыржан Нұрғожаұлы Бекқожин өмірден озды.

1991 қой жылы әдебиеттанушы, сыншы, тележурналист, жазушы, қоғам қайраткері Сағат Әшімбаев өмірден озды.

1991 қой жылы филология ғылымдарының докторы (1982), профессор (1974), Қазақ КСР-і Жоғары мектебінің еңбек сіңірген қызметкері Тауман Амандосов өмірден озды.

1991 қой жылы «Беловеж келісімі» болды. Бұл - 1991 жылы 8 желтоқсанында Ресей, Украина, Беларусь республикалары басшылары арасында жасалынған келісім-шарт. 1991 жылғы тамыз бүлігінен кейін КСРО-ның ыдырау процесі бұрынғыдан да үдей түсті.

1991 қой жылы 21 желтоқсанда Алматы қаласында бұрынғы КСРО құрамында болған 11 республика (Армения, Әзірбайжан, Белорус, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Өзбекстан, Ресей, Тәжікстан, Түркменстан, Украина) басшылары жаңа келісім-шартқа қол қойды. Сөйтіп бұрынғы КСРО аумағында жаңа одақ - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) құрылды.

2003 қой жылы ғалым, филология ғылымдарының докторы (1970), профессор (1974) Темірбек Қожакеұлы Қожакеев өмірден озды.

2003 қой жылы физика-математика ғылымдарының докторы (1988), профессор Шалтай Смағұлов өмірден озды.

МЕНШІК ИЕСІ:
«Құрыш қала KZ» газетінің редакциясы» ЖШС
Құрылтайшысы әрі директоры
Т. СМАҒҰЛОВ

Бас редактор **Руза АЛДАШЕВА**
Техникалық редактор:
Қарлығаш БЕЙСЕНҚЫЗЫ

Газетті есепке қою туралы № 15007-Г куәлікті 2014 жылғы 18 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттік берген.
Газет айына төрт рет шығады
Тапсырыс 03
Тиражы 1000 дана.
Форматы А-3. Көлемі 3 баспа табақ.
Офсетті басылым: Газет «Құрыш қала KZ» газеті редакциясында теріліп, беттелді.
Газет «Арқо» ЖШС баспаханасынан басылды.
(Қарағанды к., Сәтбаев к., 15 үй). Индекс 64023

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Редакция мекен-жайы: Теміртау қаласы, Блюхер көшесі, 13 үй, 237 кабинет.
Телефон: 8 (7213) 44-76-62. Телефон/факс: 8 (7213) 44-67-69 Электронды поштамыз: **khurysh_khala_KZ@mail.ru**

Қазақ халқының жылдарға сипаттамасы

ТЫШҚАН ЖЫЛЫ

(1924, 1936, 1948, 1960, 1972, 1984, 1996, 2008)

Қазақтар тышқан жылын береке мен ырыстың, татулық пен тыныштықтың жылы деп санайды. Тышқан жылының жалпы тарихына назар аударсақ, оның көп жылы аштықсыз, жаугершіліксіз, қиындықсыз, молшылықта өткен. Қанжығалы Бөгенбай батыр тышқан жылы (1684) дүниеге келді. Қазақ ордасы алғаш 1456 – тышқан жылы құрылған.

СИЫР ЖЫЛЫ

(1925, 1937, 1949, 1961, 1973, 1985, 1997, 2009)

Халық түсінігі бойынша, сиыр жылында дау-жанжал, қиындықтар мен ауыртпалықтар көп болады. Ырым-тыйымдарға сәйкес, сиыр жылы туғандар бұл жылы сиыр бауыздамайды. Көп халықтар сиыр жылының дастарқанына сиыр етін, одан жасалған тағамдарды қоймайды.

БАРЫС ЖЫЛЫ

(1926, 1938, 1950, 1962, 1974, 1986, 1998, 2010)

Барыс жылы жақсылыққа да, қиындықтарға да толы. Дегенмен, бұрындары барыс жылында есте қалатын елеулі оқиғалар болмағандықтан, оны жайсыз жыл санамайды. Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) барыс жылы туып (570), ұлу жылы қайтыс болған (632). 1986 жылғы еліміздегі Желтоқсан оқиғасы барыс жылымен тұспа-тұс келді, Мұстафа Шоқай барыс жылы дүниеге келіп, жылан жылы өмірден өтті (1890-1941).

ҚОЯН ЖЫЛЫ

(1927, 1939, 1951, 1963, 1975, 1987, 1999, 2011)

Бұл жыл жұт, аштық, ауыртпалықпен қазақ халқының есінде қалған. 1867-68 жылдары жалпақ қоян жұты, 1879-80 жылдары үлкен қоян жұты, 1891-92 жылдары кіші қоян жұты, 1915-16 жылдары тақыр қоян жұты болды. Қазақ даласында көп мал қырылып, адамдар өлді. 1962-63 жылдары да малды аудандарда мал қырылу орын алды. Қазақ жеріне «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заман 1723 – қоян жылы келді. Қоян жылы Абылай хан дүние есігін ашты (1711 ж.).

ҰЛУ ЖЫЛЫ

(1928, 1940, 1952, 1964, 1976, 1988, 2000, 2012)

Ұлу суда тіршілік ететіндіктен, халқымыз «бұл жылы астық, шөп мол болады» дейді. Оны жайлы жыл санайды. Алайда ұлу жылында да қиындықтар болған.

ЖЫЛАН ЖЫЛЫ

(1929, 1941, 1953, 1965, 1977, 1989, 2001, 2013)

Халқымызда «Жылан жылы жылыс болды» деген сөз бар. Шыңғыс хан 1221 – жылан жылы Отырарды алды. 1928-29 жылдары Қазақстанда көппескелеу жүрді. 1941 жылғы неміс-фашист басқыншылығы жылан жылы басталды, Қазан төңкерісі (1917-18) жылан жылымен тұспа-тұс келді. Абай Құнанбаев жылан жылы туып, ұлу жылы дүниеден өтті (1845-1904).

ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫ

(1930, 1942, 1954, 1966, 1978, 1990, 2002)

Ел есінде жылқы жылы болған ауыртпалық, қайғылы оқиғалар жоқ. Жылқы жылы туғандар бұл жылы жылқыны бауыздамайды. Қаракерей Қабанбай батырдың да (1690), Жамбыл Жабаевтың да (1846) туған жылы – жылқы.

ҚОЙ ЖЫЛЫ

(1931, 1943, 1955, 1967, 1979, 1991, 2003, 2015)

Қазақтар қой жылын жақсы жыл санайды. Өткен қой жылдары халыққа жайлы болған, ел молшылыққа кенелген. Қазақстан 1991 – қой жылы тәуелсіз ел атанды. Ахмет Байтұрсынов қой жылы (1873) дүниеге келді.

МЕШІН ЖЫЛЫ

(1932, 1944, 1956, 1968, 1980, 1992, 2004, 2016)

Қазақтардың пайымдауынша, мешін – жайсыз жыл. Бұл жылы бүліншілік, сәтсіздіктер мен жайсыз оқиғалардың көп болуы мүмкін. Сол себепті қазақтар мешін жылынан қорқады. 1920 жылы қазақ даласында көп мал қырылып, бұл жыл «Тас мешін» деп аталды. 1931-32 жылдарғы алапат аштық та мешін жылына сәйкес келді. Ақ Орда хандығы 1428 – мешін жылы құлады. Мешін жылы (1680) Тәуке хан таққа отырып, ел биледі.

ТАУЫҚ ЖЫЛЫ

(1933, 1945, 11957, 1969, 1981, 1993, 2005)

Халық бұл жылды да ауыр жылдардың бірі санайды. Өйткені тауық жылы қауіп-қатер аз болмаған, халық көп ауыртпалық көрген. 1920-21, 1932-33 – тауық жылдары жұт, аштық, 1968-69 тауық жылы құрғақшылық орын алды. Әл-Фараби (870-950), Міржақып Дулатұлы (1885-1935), Мұхтар Әуезов (1897-1961) тауық жылы туған.

ИТ ЖЫЛЫ

(1934, 1946, 1958, 1970, 1982, 1994, 2006, 2018)

Қазақ халқының түсінігі бойынша, мешін және тауық жылдарындағы ауыртпалық ит жылы жеңілдейді. Мысалы, 1933 жылы аштық басылған. 1945 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған. Қаныш Сәтбаев ит жылы туған (1899-1964 жж.).

ДОҢЫЗ ЖЫЛЫ

(1935, 1947, 1959, 1971, 1983, 1995, 2007, 2019)

Жыл санаудың және жыл қайырудың соңғы жылын Қазақстанның кей жерінде, кейбір түркі елдерінде қара киік жылы деп те атайды. Халқымыз «доңыз жылы бәле-жала көп болады» деп ойлайды. Алайда доңыз жылдары көп жағдайда қазақтарға жайлы болған. Қазақ-жоңғар соғысындағы үлкен жеңіс 1729 –доңыз жылы болды.